

● **ТУРИЗМ**

Туристер саны ұлғаюуда

Өткен жылы Қазақстанға келген туристер саны үш есеге өскен. Бұл көркем табиғатымен көз тартатын еліміздің экономикасының да артуына оң ықпал етуде.



Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– 2022 жылдың тоғыз айында елімізге 610 мың шетелдік турист келгенін көріп отырмыз. Біз қазір Қазақстанға келетін шетелдік туристердің санын 4 миллионға жеткізуді қарастырып жатырмыз. Бұл экономиканың барлық саласының дамуына тың серпін береді. Сонымен қатар, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Бұл – бәсекелестік. Бәсеке болған кезде сапа да артады, – дейді Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов.

Елге келетін туристердің басым бөлігі Өзбекстан, Ресей және Қырғызстан елдерінен. Олардың басым көпшілігі Алматы, Астана және Атырау қалаларының көрнекті жерлерін тамашалайды.

Біздің Қарағанды облысында да туризмді дамытуға барлық мүмкіндік бар. Мәселен, Қарқаралы және Балқаш өңірлері туристер үшін тартымды. Қарқаралының көркем табиғатын тамашалауға жылына 40 мыңа жуық, Балқаш көліне 80 мың, Ақтоғайға 10 мыңға жуық турист келеді екен. Алдағы уақытта бұл көрсеткішті ұлғайту мақсатында кешенді жұмыстар атқарылуда. Туристік бағыттағы инфрақұрылымды жақсартып, бағыттарды анықтап, туризм қызметкерлерінің білім-біліктілігін жетілдіру шаралары қолға алынбақ.

● **МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ**

Ұлттық жоба – ұтымды қадам

Халықтың орта жасы ұзарып, елімізде өлім-жітім 30%-ға, аймақта 9% төмендеген. Бұл көрсеткіш Мемлекет басшысының тапсырмасымен, денсаулық сақтау министрлігінің қызметін жетілдіру аясында жүзеге асуда. Кешенді жұмыс барысында халық денсаулығын сақтауда медициналық көрсеткіштің оң динамикасы байқалады. Бұл туралы Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният Қарағанды облысына жасаған жұмыс сапарында мәлімдеді.



Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Әр азаматтың денсаулығы – ұлттың жетістігі. Осы мақсатта, денсаулық сақтау саласын жетілдіру үшін елімізде нәтижелі іс-шаралар жүзеге асуда. Түрлі бағдарламалар мен пилоттық жобалар шеңберінде медициналық нысандар саны артып келеді. Биыл еліміз бойынша 309 дәрігерлік амбулатория мен фельдшерлік пункт құрылысын салу жоспарланып отыр. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында соның 90-ға жуығы – Қарағанды облысында, 20-дан астамы Шет ауданына қарасты ауылдарда салынады. Себебі, осы жердегі медицина ғимараттарының дені ескі, әрі талапқа сай емес, – дейді Ажар Ғиният.

Бас дәрігер аймаққа жалғыз келмеген. Жергілікті жерлерде консультациялық көмек көрсету үшін республикалық ғылыми-зерттеу институттарының жетекші дәрігерлері, травматология-ортопедия, кардиология, неврология, акушерлік гинекология және тағы да басқа бағыттар бойынша мамандар бар.

Алдымен жұмыс сапарын Шет ауданынан бастады. Қызылқой ауылындағы медициналық пунктте, Қайратқыдағы фельдшерлік- акушерлік пунктте болып, аудандық орталық аурухананың тыныс-тіршілігімен танысты. Биыл мұнда «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жо-



басы аясында жаңа медициналық нысанның құрылысы басталмақ. Министр құрылыстың мезгілінде басталып, мерзімінде аяқталуын басты назарда ұстау қажеттігін, заманауи медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуіне баса назар аудару керектігін айтты. Ауылдық жердегі халықтың денсаулығын жіті бақылау, профилактикалық, скринингтік тексеру жұмыстарын уақытылы жүргізудің де маңыздылығы айтылды.

Ажар Ғиният аудан тұрғындарымен кездесуде медициналық көмек көрсетудегі өзекті мәселелерді көтерді. Әрі наукас адамның жағдайы

на қарай көрсетілетін көмек түрлеріне қызығушылық танытты.

Сапар барысында, Ақсу-Аюлы кентіндегі 31 орындық аудандық ауруханада болып, медицина қызметкерлерімен жүздесті. Ауылдық жерге жас мамандарды тарту және жергілікті атқарушы билік тарапынан әлеуметтік қолдау шараларын күшейту мәселесін көтерді.

Халық денсаулығын сақтауда маңызды қадамдар мен шұғыл шешімдерді қажет ететін облыстың медицинасы жетістігі мен кем-кетігіне жете көз жеткізбекке кенді өлкеге табан тіреген Ажар Ғиният оны жетілдіру үшін жүзеге асып

жатқан жобаларды егжей-тегжейлі айтып өтті.

Қарағанды медициналық университетінде халықпен және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен кездесіп, медицина саласын дамытуда қолға алынып

● **ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ**

Қалааралық қатынас жеңілдейді

1 ақпаннан қалааралық қоғамдық көліктерде (№ 100, 107, 121, 122, 127, 146 және 165 маршруттарда) электронды төлем жүйесі іске қосылады. Қарағандыдан Абай, Саран, Теміртау, Топар, Шахан, Шахтинск қалаларына сапар құны арзандайды. Кейбір бағыттар бойынша жолақы екі есе арзандайды. Жүйе іске қосылған соң, аталған маршруттар ONAY! мобильді қосымшасына енгізіледі. Автобустардың саны мен қозғалысын карта арқылы бақылауға болады. Бұл туралы облыс әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлады.



Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



ONAY! картасымен төлеген кездегі тариф электронды тәсілмен, сапар қашықтығына қарамастан, 80 теңгені құрайды. «7-15 жастағы балалар» картасы бойынша – 40 теңге. «Зейнеткер» және «Әлеуметтік» карталарын ресімдеген қарағандылықтар үшін бірыңғай карталарға ресімделген жол жүру ақысы өзгеріссіз қалады. Қала маңындағы маршруттарда жол жүру ақысы – 80 теңге.

Қолма-қол ақшамен жол жүру кезінде жолаушылар №165 маршрутқа Қарағанды-Саран бағыты бойынша – 95 теңге; №100, 107 Қарағанды-Теміртау бағыты бойынша – 150 теңге; № 146 Қарағанды-Абай автобустарымен жол жүру – 170 теңге; № 127 Қарағанды-Шахан қаласына жол жүру құны – 175 теңге; № 122 Қарағанды-Топар бағытымен – 180 теңге, № 121 Қарағанды-Шахтинск қаласына дейін 190 теңге төлейді.

Қоғамдық көліктерде жолақысын ONAY! көлік картасымен, ONAY! мобильді қосымшасының көмегімен – виртуалды карта, QR код, көлік коды және SMS арқылы, қолма-қол ақшамен төлеуге болады.

Бірыңғай картаны қала ішіндегі және серіктес қалаларда «Сарыарқа Нан» павильондарында, «Южный» супермаркеттерінде, Қарағанды автовокзалының кассасында және жеке таратушылардан сатып алуға болады. Мекенжайлары www.onay.kz сайтында көрсетілген және компанияның Instagram парақшасында (@onay.karaganda) бар.

Сондай-ақ, аталған қоғамдық көліктердің жүргізушісінен де карта сатып алу мүмкіндігі қарастырылады.

Барлық сұрақтар call-орталық операторларына (8-7212) 50-60-50 нөмірі бойынша сағат 06:30-дан 23:00-ге дейін қабылданады.

● **МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 130 ЖЫЛ**

Марғасқа ақын, маңғаз жыр

«Абай – ақылдың ақыны, Мағжан – ақынның ақыны» деген сөз бар. Иә, Мағжан Абай дәстүрін жалғастырушы дара дарын. Бірақ, Мағжанды «Абайдың шәкірті» деп шектеуге де болмайды. Өйткені, ақындық Алладан, ал, ұлттың жоғын жоқтау – бөлек әңгіме. Абай қазақ жазба әдебиетінің басында тұрған алып тұлға. Әлемдік ақыл-ойдан сусындап келіп, қазақы қалыппен ұлттының ой көкжиегін мүлдем басқа арнаға бұрған бірегей талант. Мағжан шығармаларынан біз Абайдың ықпалын, ой үндестігін байқаймыз. Абайдай ұлы жол нұсқаушысы бар Мағжан бақытты ақын. «Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес, Бір сөзің мың жыл жүрсе, дәмі кетпес, Қарадан хакім болған сендей жанды, Дүние қолын жайып енді күтпес» деп баға беріп, хакімді үлгі тұтатынын айтқан.



Жәлел ШАЙҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мұндайда М.Өуезовтің: «Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін. Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да Абайдан... Бұдан соң Мағжанды сүйемін. Еуропалығын, жарқыраған, әшекейін сүйемін...» – дегені тілге оралады. Жазушы Абайдың ойшылдығы мен Мағжанның символиктігін салыстырмалы түрде айтқан болса керек. Өйткені, Мағжан Абай дәстүрін жалғастырушы болса да, өз жолын тапқан ақын. Екеуін адамзаттық ұлы идеялар байланыстырса да, әрқайсының өз биігі, өз оқырманы бар.

Мәселен, Мағжанның «Батыр Баян» поэмасын алайық. Бала кезден оқып өстік. Алайда, бала кезде оқығанда поэманың трагедиямен аяқталуына Ноябрьді кінәлағанбыз. Өйткені, ол ағасы алып келген қалмақ қызымен қашып кеткен еді. Мұның Отанға әрі туған ағасына сатқындық екені сөзсіз. Өсе келе Ноябрьді да түсіне бастадық. Баянның жасы келіп қалған. Ноян болса жас, сымбатты. Қалмақ қызы Құралай сұлу екеуінің бір-біріне деген аяқ асты тұтанған сезімі бар. Сонымен қатар, Құралайдың еліне барғысы келетінін де естен шығармаған жөн. Үшінші жағынан Баянды осындай қызғанышқа, кекке итермелеген ашу-ызу еді.

➤ 5-бет

● **БӘРЕКЕЛДІ!**

Алтын мен қола – қоржында

Қарағанды қаласы Әлия Молдағұлова атындағы облыстық спорт мектеп-интернат-колледждің тәрбиеленушісі Жасмин Қизатова 70 келі салмақта Азия чемпионы атанды. Ол Таиландтың Бангкок қаласында бокстан Азия-2023 чемпионатының ақтық бәсекесінде өзбек боксшысы Азиза Зокировамен қолғап түйістірді. Жерлесіміз қарсыласын қарымта шабуылдармен тізе бүктіріп, 3:2 есебімен жеңіске жетті.



Жан АМАНАТҒАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Еске сала кетсек, Жасмин Еске сала кетсек, Жасмин ақтық сынға жолдаманы вьетнамдық Труонг Мин Тху Кюнхты техникалық нокаутпен жеңіп алған. Азияның жаңа чемпионы Жасмин Қизатова мен бапкері Елдос Сайдалининің қол жеткізген бұл жеңісі ел мерейін үстем етті. Ал, ерлер арасындағы 22 жасқа дейінгі жекпе-жекте қарағандылық Талғат Сырымбетов 60 келі сал-

мақта қола жүлдені еншіледі. Ол тай боксшысы Пхутханет Родсуқты нокадунға түсіріп, дәл тиген соққыларымен ерекшеленсе де алтын мен күмістен қағылды. Төрешілер Талғаттың алға ұмтылып, ширақ шабуыл жасағанын байқаса да, жеңісті қарсыластың қоржынына салды. Нәтижеде біздің боксшы III орынды қанағат тұтты.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

●EUR/KZT 502.62

●USD/KZT 461.37

●RUB/KZT 6.69

●CNY/KZT 68.02

Қазақстан Ұлттық Банкінің 27 қаңтар, 2023 жылғы дерегі бойынша

Ұлттық жоба – ұтымды қадам

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әсіресе, шалғайда орналасқан елді мекендердегі тұрғындар денсаулығына баса назар аудару, оларды тиісті дәрігер мамандармен қамтамасыз ету кездесудің өзекті тақырыбына айналды. Әрі науқастарға мемлекет тарапынан көрсетілетін көмек, тегін дәрілік препараттар мәселесі де назардан тыс қалмады. Осы орайда, жалпы тәжірибелік дәрігер мамандардың міндетінің зор екендігі, алғашқы медициналық көмек қызметінің аясын кеңейту де айтылды.

– Алғашқы медициналық көмек қызметін жетілдіруге ден қою керек. Себебі, осы қызмет түрін халықтың 80%-ы алады. Сырқаттанса да, тексеруден өтсе де, емхана мен амбулаторияларда алғашқы көмек қызметі міндетті түрде көрсетіледі. Сондықтан, кешенді жоспар қажет. Бұл мәселе де бірте-бірте шешіледі. Мәселен, 50 адам тұратын ауылдық жерлер мамансыз



қалмайды. 300 үйі бар елді мекенде үш медициналық маманның қызмет жасауына мүмкіндік туғызудамыз. Бұрындары 800 адам тұратын жерде ФАП ашылатын болса, бұл көрсеткішті бүгінде 500 адамға дейін төмендеттік. Шалғай ауылдарда дәріханалар ашылуда, – деді министр ханым.

Ауылдық жерлердегі халықтың денсаулығын сақтауда медициналық нысандардың материалдық-техникалық базасын жетілдірумен қатар, медициналық қызметкерлердің де сапасына жіті көңіл бөлініп отырғандығы,

дәрігерлермен қатар, дәрігер емес мамандардың да еңбекақысының 20%-ға көтерілгені де айтылды. Қала ауруханалары мен емханаларында кезектің көптігі, онкологиялық науқастардың медициналық зерттеулерден дер кезінде өте алмай, дертінің асқынуы және түрлі оқыс жағдайлардың орын алуы туралы арыз-шағымдарды азайту үшін заманауи сапалы құрылыстармен жабдықталған медициналық нысандар салынбақ. Кездесуде медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігі туралы заң жобасының тиімділігі де сөз болды.

– Жоба науқастың мүддесіне жұмыс жасайды. Яғни, дәрігер алдына келген науқасқа сапалы қызмет көрсетуге әрі өз ісіне жауапкершілікпен қарауға міндеттейді. Медицина саласында жетістікке жетудің бірден-бір жолы – осы жоба, – дейді Ажар Финият.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

КамaTyresKz жұмысқа шақырады

Арман Мейірханов бытыр жұмыссыз жүрген еді. Екі қолға бір күрек іздеген ол Headhunter сайтынан Сарандағы КамaTyresKz шина шығаратын зауыт мамандарды жұмысқа қабылдайтынын біледі. Дер-реу сонда барып, өтініш жазады. Жұмысқа қабылданбас бұрын бес ай бойы Татарстанның Нижнекамск қаласында кәсіби даярлықтан тегін өтеді. «Техника саласының шебері» деген құжатты қалтаға салған Арман, қазір аталған компанияда жемісті еңбек етуде.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Шина шығаратын зауыт енді-енді жанданып келе жатқанын өздеріңіз білесіздер. «Білімдіміз толықтырамын. Жұмыс істеймін. Отбасымды асыраймын» деген жанға мұнда барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Мысалы, мен Майкү-

дыктан өз көлігіммен келіп-кетіп жүремін. Алайда, көлігі жоқтарға арнайы тасымалдайтын автобус та қарастырылған. Орташа жалақы 230 мыңнан басталады, – дейді Арман Маралұлы.

Дайындық цехының шебері бо-

лып қызмет істейтін ол шинаны даярлайтын шикізатты дайындаумен айналысады. Компания жұмысқа қабылдап қана қоймай, резенке бұйымдарын сынаушы, ораушы, инженер-технолог, слесарь-жөндеуші, автоматика құралдары бойынша электромеханик сынды бірнеше жаңа мамандық игеруге мүмкіндік беретін көрінеді.

КамaTyresKz компаниясы директорының көмекшісі Виталий Дедов пресс-тур барысында тілшілер қауымын зауыттың құрастыру цехына алып барды. Шина атаулысының түр-түрін шығаратын зауыттың жылдық өндіріс қуаты – 3,5 млн. дана шина. Отандық өнім шығаратын зауыт көлік шиналарын ТМД елдеріне ғана емес, әлемнің әр түр-

кіріне экспорттамақ. Қазірдің өзінде компания персоналы 408 адамды құрауда. 168 адам біліктілігін арттыруда. Бұл – Қазақстан аумағындағы жалғыз кәсіпорын. Соған орай қабылданар болашақ маман нөлден бастап қайта даярланады, білімін арттырады. Бүгінде 28 кәсіп бойынша кәсіби мамандар даярлап шығару ойда бар. Бір қызығы, оқып жатқан жас мамандар қосалқы жұмысшының жалақысын алады. Бірақ жұмыс тәртібінде өндірістік өзгешелік бар. Яғни, адам кәсіпорында әдеттегідей сегіз сағат емес, 12 сағат бойы жұмыс атқарады. Түнгі жұмысқа шыққан жандарға қосымша ақы төленеді. Барлығы маманның біліктілік деңгейіне байланысты.

Саран қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Марина Шегай арнайы өндіріс аймағы дамыған сайын жаңа жұмыс орындарының ашылғандығын тілге тиек етті. Сөйкесінше, бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі облыстың әр қала мен аудандарында өткен екен.

– Саран қаласының кәсіпорындарында екі мыңға тарта бос жұмыс орны бар. Осы жыл аяғында бір шина зауыты тағы 1116 адамды жұмыспен қамтымақ. Әлбетте, жұмыс іздеп жүрген кез келген адам құжатын Қарағанды қаласы Бұқар жырау даңғылы, 51/4 ғимаратындағы «БЦ 51» бизнес-орталығы, 402 кабинетке тапсырса болады. 8 701 429 34 73, 8 701 429 34 61 ұялы телефон номеріне қоңырау да шала алады. Я болмаса, Саран қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне жүгіне алады. Жұмысқа қабылдану үшін 11 жылдық біліміңіз болса, жеткілікті, – дейді Марина Владимировна.

● ЖЕМҚОРЛЫҚ – ЖЕГІ ҚҰРТ

Адал бизнеске кедергі жоқ

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Превенция қызметінің басшысы Саян Ахметжанов «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасында өңір кәсіпкерлерімен кездесіп, бизнесті қорғау саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің жаңа тәсілдерімен бөлісті.

Салтанат ЛІНИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мәселен, биыл бизнесті қорғау сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жұмысындағы басымдықтардың бірі ретінде айқындалған. Яғни, бизнестің дамуына кедергі келтіретін тәуекелдерді болдырмау мақсатында алдын алу жұмыстарына ерекше назар аударылды. Ол үшін агенттік үш бағытта жүйелі жұмыс жүргізуде. Оның біріншісі – бизнестің адалдығына ықпал ететін тұжырымдамалық шаралар болса, екіншісі кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласудан қорғау тетіктерін енгізу. Ал, үшін-

ші бағыт өңір ерекшелігін ескере отырып, кәсіпкерлердің қажеттіліктеріне жедел ден қою.

Ол үшін «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу шеңберінде бизнесті қорғаудың жобалық тәсілі пысықталған. Бұл ретте, нақты кейстер бойынша практикалық көмек проблемаларды талдау кезінде пайдаланылады.

– 2023 жылы бизнестің іскерлік белсенділігі жоғары. Бизнесті жүргізу рейтингінде облысымыз өткен жылмен салыстырғанда

жеті деңгейге көтеріліп, республика бойынша бесінші орынға табан тіреді. Шағын және орта бизнес

нысандары өндіретін өнім көлемі 2 трлн. теңгеге жетті, – дейді кездесуге қатысқан облыс әкімінің



● САЙЛАУ – 2023

Мәжілістің мәні әділ сайлауда

Жалпыхалықтық референдумнан кейін Мәжіліс сайлауын өткізу тәртібіне өзгерістер енгізілген болатын. Егер бұған дейін саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдар атынан ғана сайлауға түсуге болатын болса, осы жолғы сайлауда азаматтар өзін-өзі депутаттыққа ұсына алады. Облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Қайрат Нұрқенов саяси партиялардың облыстық филиалдарының, қоғамдық бірлестіктердің өкілдерімен кездесіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ, жиында қоғамдық бірлестіктерден байқаушыларды аккредиттеу мәселелері бойынша да түсініктемелер берілді.

Салтанат ЛІНИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қайрат Нұрқенов Мәжіліс депутаттығына кандидаттарға қойылатын талаптарды айтты. Ол 7 қаңтардан күшіне енген «Сайлау туралы Конституциялық заңда белгіленген. Атап айтқанда, үміткер Қазақстан Республикасы азаматы болуымен қатар, соңғы он жылда ел аумағында тұруы және кемі 25 жаста болуы керек. Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп танығандар, жаза мерзімі толық өтелмеген, сыбайлас жемқорлық қылмыс және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаудағы кінәсін сот заңда белгіленген тәртіппен таныған адам да депутат бола алмайтынын да айту керек.

– Мәжіліс депутаттығына кандидаттарды ұсынудың екі жолы бар. Бірі – партиялық тізімдер бойынша кандидаттарды саяси партиялар ұсынады. Келесісі – бір мандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер ұсынады. Кандидаттар өзін-өзі ұсына алады, – дейді Қайрат Қаршығаұлы.

Аумақтық сайлау округі бойынша бір саяси партиядан бір ғана тізімді тіркеуге жол беріледі. Партиялық тізімге енгізілген адамға бір мандаттық аумақтық сайлау округі бойынша ұсынылуға тыйым салынады.

Қайрат Нұрқенов одан бөлек, сайлау комиссиясы кандидаттар қалай тіркелетіні, тіркеу үшін қандай құжаттар қажет екеніне де тоқталды.

Сайлау жарнасы – ең төменгі жалақының 15 еселенген мөлшеріне тең. 2023 жылы оның сомасы – 1 млн. 50 мың теңге. Егер саяси партиялар

сайлаушылар дауысының бес және одан да көп пайызын жинаса – сайлау жарнасын төлемейді, ал, 3-5 пайызын жинаса – 50 пайызын, 1-3 пайызын жинаса – 70 пайызын төлейді.

Депутаттар жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Сайлаушылардың 50 пайызынан астамының дауысын жинауы шарт.

Партиялардың Мәжіліске өтуіне қажет дауыстың төменгі шегі жеті пайыздан бес пайызға төмендетілді. Сайлаушылар дауысының кемінде бес пайызын жинаған партиялар Парламентте мандат ала алады.

Ал, облыстық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Сандұғаш Асылбекова байқауды жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық емес ұйымдарды аккредиттеу қағидаларымен таныстырды. Атап айтқанда, оларды Орталық сайлау комиссиясы аккредиттейді. Ал, жергілікті жерлерде облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың аумақтық сайлау комиссиялары жүзеге асырады.

– Аккредитация туралы куәлік немесе одан бас тарту туралы жазбаша хабарлама шешім қабылданған күннен бес жұмыс күні аралығында беріледі. Егер құжаттар тізімге сәйкес толық ұсынылмаса, «Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келмесе, қоғамдық бірлестік немесе коммерциялық емес ұйымның қызметі тоқтатылған немесе уақытша тоқтатылса, аккредитацияланбайды, – дейді Сандұғаш Сәбитқызы.

● COVID-19

Вирус бақылауда

Ел ішін жайлаған індеттің екпіні бәсеңдегенімен, басылған жоқ. Түрлі мутацияға түсіп, жұқтыру қаупі артып кетті. Тұтас әлемді төңіректеген коронавирус инфекциясынан елімізде 1743 адам емделуде.

Сағынш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

108 пациент стационарда, 1635 амбулаториялық ем қабылдауда. Үш науқастың жағдайы өте ауыр, үш адамның жағдайы ауыр, бір сырқат өкпені жасанды желдету аппаратына қосылған.

Қарағанды облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті мәліметінше, жыл басынан 27 қаңтарға дейін коронавирус инфекциясының 233

жағдайы тіркелген. Оның ішінде 220 жағдай симптомды, 13 жағдай симптомсыз. Соңғы тәулікте вирус жұқтырғандар саны 15. Сырқаттанушылық алдыңғы аптамен салыстырғанда 1,1 есеге өсті.

Пандемия басталғаннан бүгінгі күнге дейін облыста 162 127 COVID-19 жағдайы тіркелді. Қарағанды облысы «жасыл» аймақта.

орынбасары Вадим Басин.

Облыста шағын және орта бизнестің қанатын кең жаюына мемлекет тарапынан жасалып жатқан көмектің ықпалы бар. Мәселен, жыл басынан 108 млн. теңгеге үш жоба қаржыландырылған. Жаңа бизнес идеяларды жүзеге асыру

үшін бөлінген 160 млн. теңгеге 400 грант тағы бар. Ал, бизнес кедергілерді жою мақсатында, кәсіпкерлерді қолдауға басым көпшілігін электронды форматта алады. Дегенмен, әлі де кедергілер мен шектеулер бар екенін айтқан Вадим Борисович кездесу барысында айтылған нұсқаулар бизнестің дамытуға оң ықпал ететініне сенетінін де жеткізді.

Одан бөлек, С.Ахметжанов сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға енгізілген өзгерістерді де түсіндіре кетті. Мәселен, бұрын қолданыстағы заңнамада сыбайлас жемқорлық туралы мәлімдеушінің еңбек құқықтарын қорғау бойынша қандай да бір шаралар қамтылмаған еді. Қолданылған күннің өзінде зорлық-зомбылықтың немесе басқа физикалық әсердің нақты қаупі болған жағдайда ғана болатын. Сан Қылышұлы мәлімет берушілердің еңбек құқығын қорғау маңызды екенін айтады. Себебі, осы жағдайда ғана заңға қайшы әрекет еткен шенеунікті іштен әшкерелеу ықтималдылығы жоғары.



ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

2023 жылғы 19 наурызда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары мен Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттарын сайлау өтеді.

Сайлауға қатысуға конституциялық құқықты іске асырудың кепілі Сізді сайлаушылар тізіміне енгізу болып табылады.

Тізімдерді жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) дауыс беру үшін нақты учаскенің аумағында тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркеу негізінде жасайды. Тұрақты тіркеуі жоқ азаматтар тізімге олардың орналасқан жері бойынша әкімдіктерге берілген өтініш негізінде енгізіледі. Егер сайлаушы сайлауға дейін отыз күннен кешіктірмей оның тіркелген жері бойынша дауыс беруге арналған үй-жайға сайлау күні келуге мүмкіндігі болмайтыны туралы

белгілі болған жағдайда, ол өзінің тұрған жері бойынша жергілікті атқарушы органға оны сайлаушылардың тиісті тізіміне енгізу туралы жазбаша өтінішпен жүгінуге құқылы.

Өтініш келіп түскен кезде әкімдік азаматты тіркеу орны бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды және оны дауыс беретін учаскенің тізіміне енгізуді ұйымдастырады.

Осы құқықты пайдалана алады: – дауыс беру күні олар тіркелген жерінде болмайтынын білетін азаматтар; – жатақханадан тыс жерде тұратын орта арнаулы және жоғары оқу орындарында оқитын қаладан тыс

студенттер; – вахталық әдіспен жұмыс істейтін азаматтар. Азамат тек бір сайлаушылар тізіміне енгізілуі мүмкін. Өзіңізді тіркеу орны бойынша сайлаушылар тізіміне енгізуді тиісті әкімдіктің сайты немесе Call-орталығы арқылы тексеруге болады.

Құрметті сайлаушылар! Өзіңізді сайлаушылар тізіміне қосу үшін қажетті заңды маңызды әрекеттерді уақытылы қабылдаңыз!

Облыстық сайлау комиссиясы

Қарағанды облыстық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларының құрамы туралы ХАБАРЛАМА			
№ 1 сайлау округі бойынша облыстық сайлау комиссиясының құрамы Орталық: Қарағанды қаласы, Терешкова көшесі, 40, Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, 3 кабинет, тел: 8(7212) 56-51-85 Төраға – Саркенов Берік Бейсенұлы Төрағаның орынбасары – Мананбаева Азат Тельманқызы Хатшы – Дүйсекеева Айжан Аутайқызы Комиссия мүшелері – Ахметбекова Зарина Маулетқызы, Омарова Сабира Дулатқызы	Төраға – Мусапирова Нұргүл Төлегенқызы Төрағаның орынбасары – Шапешова Айгүл Төлегенқызы Хатшы – Смағұлова Шайзада Шыныбекқызы Комиссия мүшелері – Қайырбаева Жанна Хапасқызы, Есжанова Мейрамгүл Борашқызы	Хатшы – Даткова Дина Сағантайқызы Комиссия мүшелері – Онсович Николай Брониславович, Паракхевич Галина Викторовна, Пененко Татьяна Антоновна, Ставничук Ирина Александровна	
№ 2 сайлау округі бойынша облыстық сайлау комиссиясының құрамы Орталық: Қарағанды қаласы, Академическая көшесі, 9, Қазтұтынуаудығы Қарағанды университеті, 263а кабинет, тел. 8(7212) 441652 Төраға – Еремин Юрий Николаевич Төрағаның орынбасары – Джабаева Гүлден Нұрланқызы Хатшы – Сатмирова Қамарсұлу Қойшыбайқызы Комиссия мүшелері – Өлімқұлов Нұрлан Дүйсенәйұлы, Югай Олег Борисович	№ 8 сайлау округі бойынша облыстық сайлау комиссиясының құрамы Орталық: Мәдениет сарайы, Көгілдір тоғандар ықшам ауданы, 3, «Бауыржан Момышұлы атындағы жалпыбілім мектебі» КММ, 111 кабинет, тел. 8(7212) 252882 Төраға – Сыздықова Ардақ Тұяққызы Төрағаның орынбасары – Иманғалиева Ләззат Қарімқызы Хатшы – Дәулет Арна Думанқызы Комиссия мүшелері – Құлмағамбетова Құралай Қалиоллақызы, Мұхтарова Данагүл Алданышқызы	№ 14 сайлау округі бойынша облыстық округтік сайлау комиссиясының құрамы * Орталық: Абай ауданы, Абай қаласы, Жеңіс көшесі, 3, ГУ «Абай ауданы әкімінің аппараты» ММ, 16 кабинет, тел. 8(72131) 40873 Төраға – Сергеева Нина Васильевна Төрағаның орынбасары – Цой Ольга Васильевна Хатшы – Босаева Арайлым Олжабайқызы Комиссия мүшелері – Аглиулина Юлия Минвалиевна, Аубакирова Любопыт Константиновна, Жұмабекова Алтын Жасұланқызы, Нұрмұханов Амангелді Махыметұлы	
№ 3 сайлау округі бойынша облыстық сайлау комиссиясының құрамы Орталық: Қарағанды қаласы, Шахтерлер даңғылы, 64, «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, 100 кабинет, тел. 8(7212) 252277 Төраға – Исбекова Айгерім Өуезқызы Төрағаның орынбасары – Нұрмағанова Сандуғаш Оразханқызы Хатшы – Инджигоялан Анжела Алвановна Комиссия мүшелері – Абдулманафов Еркін Абдулманафұлы, Малаев Марат Базаркелұлы	№ 9 сайлау округі бойынша облыстық сайлау комиссиясының құрамы Орталық: Теміртау қаласы, Республика даңғылы, 30, Қарағанды индустриалдық университеті, 117 кабинет , тел. 8(7213) 900006 Төраға – Салпенова Мадина Мейрамқызы Төрағаның орынбасары – Силаева Ольга Викторовна Хатшы – Мұхамедина Жұлдыз Салауатқызы Комиссия мүшелері – Батырбек Өлібек Есімбайұлы, Мырзаханова Айнұр Темірболатқызы	№ 15 сайлау округі бойынша облыстық округтік сайлау комиссиясының құрамы Орталық: Саран қаласы, Жамбыл көшесі, 69/1, Саран қаласының Мәдениет үйі, 30 кабинет, тел. 8(72137) 50444 Төраға – Македонская Валентина Ивановна Төрағаның орынбасары – Аброев Болат Айтмағамбетұлы Хатшы – Запаловская Анастасия Васильевна Комиссия мүшелері – Куанова Любопыт Кабенювна, Маханов Роман Валерьевич	
№ 4 сайлау округі бойынша облыстық сайлау комиссиясының құрамы Орталық: Қарағанды қаласы, Мұқанов көшесі, 21/5, «Абай атындағы мектеп-гимназия» КММ, конференц залы, тел. 8(7212) 254842 Төраға – Баймолина Жадыра Сабырқызы Төрағаның орынбасары – Тиштыкова Айжан Нұрбекқызы Хатшы – Бекбаулова Эльвира Ермаханқызы Комиссия мүшелері – Орынбаева Инабат Қайратқызы, Рахымбаева Жұлдыз Маралқызы	№ 10 сайлау округі бойынша облыстық сайлау комиссиясының құрамы Орталық: Теміртау қаласы, "№ 24 жалпыбілім мектебі" КММ, Металлургтер даңғылы, 24/5, 4а кабинет, тел. 8(7213) 900008 Төраға – Мұхтарова Әсем Марратқызы Төрағаның орынбасары – Базарбаева Жанат Қуандыққызы Хатшы – Смағұлова Дариға Шаметқызы Комиссия мүшелері – Нағұметова Әнел Алтайқызы, Қамбар Қарлығаш Анарбекқызы	№ 16 сайлау округі бойынша облыстық округтік сайлау комиссиясының құрамы Орталық: Бұқар жырау ауданы, Ботақара кенті, Өліхан Бөкейхан көшесі, 7, «Ю.Гагарин атындағы жалпыбілім мектебі» КММ, 39 кабинет, тел.8(72154) 22225 Төраға – Төлеуханова Сағыншыл Камидуллақызы Төрағаның орынбасары – Барило Наталья Николаевна Хатшы – Нокин Ержан Нұрланұлы Комиссия мүшелері – Әліұлы Сайлау, Тойынбеков Мұрат Тәнірбергелұлы	
№ 5 сайлау округі бойынша облыстық сайлау комиссиясының құрамы Орталық: Қарағанды қаласы, Мәметова көшесі, 111, «Теміржолшылар» Мәдениет сарайы, 52 кабинет, тел. 8(7212) 780171 Төраға – Рахымжанова Светлана Еркекқызы Төрағаның орынбасары – Ақпаева Назым Қайкенқызы Хатшы – Ақышева Рымтай Дүйсенбайқызы Комиссия мүшелері – Сармолдин Дархан Нұрғалиұлы, Сарсембаева Айгерім Болатқызы	№ 11 сайлау округі бойынша округтік сайлау комиссиясының құрамы Орталық: Теміртау қаласы, Луначарский көшесі, 48/1, Теміртау медициналық колледжі, 106 кабинет, тел. 8(7213) 900010 Төраға – Ахметов Бегзат Айтжанұлы Төрағаның орынбасары – Ибраева Рымқұл Камилқызы Хатшы – Сүлейменова Айгерім Ержанқызы Комиссия мүшелері – Кариполла Алқагүл, Қызылбаев Ерлан	№ 17 сайлау округі бойынша облыстық округтік сайлау комиссиясының құрамы* Орталық: Балқаш қаласы, Уәлиханов көшесі, 3, кабинет 119, 122, тел. 8(71036) 65908, 47112 Төраға – Ағдарбекова Гүлмира Жеңісбекқызы Төрағаның орынбасары – Қондыбаева Әлия Бейсембекқызы Хатшы – Зияда Тілеулес Танатқызы Комиссия мүшелері – Айтжанова Әсем Бекенқызы, Алмешева Шынар Амангелдіқызы, Алтынбекова Гүлім Айтжанқызы, Саданов Азамат Елеусізұлы	
№ 6 сайлау округі бойынша облыстық сайлау комиссиясының құрамы Орталық: Қарағанды қаласы, Металлистер көшесі, 24/2, «Молодежный» Мәдениет сарайы, 200 кабинет, тел. 8(7212) 502109 Төраға – Козюла Владимир Николаевич Төрағаның орынбасары – Райымбекова Нұргүл Нұржанқызы Хатшы – Темірғалиева Жанар Қайратқызы Комиссия мүшелері – Жанкаринова Салтанат Мұхамедияқызы, Омарова Балғын Кәріғалиқызы	№ 12 сайлау округі бойынша облыстық округтік сайлау комиссиясының құрамы Орталық: Шахтинск қаласы, Абай даңғылы, 50а, «Шахтинск қаласы әкімінің аппараты» ММ, 38 кабинет, тел. 8(72156) 50512 Төраға – Нұрғалиева Гүлсім Бейсейітқызы Төрағаның орынбасары – Ақылбекова Әсемгүл Рахметұллақызы Хатшы – Жигулина Людмила Васильевна Комиссия мүшелері – Зейнікенов Мұқағали Садуақасұлы, Қазимов Дәурен Аймағанбетұлы	№ 18 сайлау округі бойынша облыстық округтік сайлау комиссиясының құрамы Орталық: Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Жанғұтты би көшесі, 39, Ақсу-Аюлы ауылының мәдени-сауық орталығы, 1 кабинет, тел. 8(71031) 21904 Төраға – Ахметов Асхат Жанатұлы Төрағаның орынбасары – Жазыкбекова Гулвера Тілеуханқызы Хатшы – Кәдірбек Айбек Елубекұлы Комиссия мүшелері – Аханов Бекзат Нұрланұлы, Төлеуғазы Айдана Төлеубайқызы	
№ 7 сайлау округі бойынша облыстық сайлау комиссиясының құрамы Орталық: Мәдениет сарайы, Магнитогорская көшесі,19, Жаңа Майқұдық Мәдениет үйі,108а кабинет, тел. 8(7212) 357902	№ 13 сайлау округі бойынша облыстық округтік сайлау комиссиясының құрамы * Орталық: Шахтинск қаласы, Абай даңғылы, 50а, «Шахтинск қаласы әкімінің аппараты» ММ, 38 кабинет, тел. 8(72156) 50512 Төраға – Құрманова Дамиля Жанбырбайқызы Төрағаның орынбасары – Пауль Оксана Валериевна	№ 19 сайлау округі бойынша облыстық округтік сайлау комиссиясының құрамы Орталық: Қарағанды қаласы, Мәметова көшесі, 3, ГУ «Абай ауданы әкімінің аппараты» ММ, 16 кабинет, тел. 8(72131) 40873 Төраға – Сергеева Нина Васильевна Төрағаның орынбасары – Цой Ольга Васильевна Хатшы – Босаева Арайлым Олжабайқызы Комиссия мүшелері – Аглиулина Юлия Минвалиевна, Аубакирова Любопыт Константиновна, Жұмабекова Алтын Жасұланқызы, Нұрмұханов Амангелді Махыметұлы	

Облыстық сайлау комиссиясының құрамы туралы ХАБАРЛАМА

Қарағанды қаласы, Өліханов көшесі,13, «Қарағанды облысы әкімі аппараты» ММ, 511 кабинет, тел. 8(7212) 421114, 421086
Төраға – Нұркенов Қайрат Қаршығаұлы
Төраға орынбасары – Асылбекова Сандуғаш Сабетқызы
Хатшы – Ақпанова Айғаным Жолшырақызы
Комиссия мүшелері: Әпиева Мәдина Молдабекқызы, Баталова Наталья Григорьевна, Есмағанбетов Саян Амантайұлы, Русаков Евгений Валериевич

Қарағанды облысының бірмандаттық сайлау округтері бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларының құрамы туралы ХАБАРЛАМА

№ 18 сайлау округі бойынша
Орталық: Қарағанды қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 39, «Қарағанды қаласы әкімінің аппараты» ММ, 39 кабинет, тел. 8(7212) 425984
Төраға – Өбілғазина Айгүл Омарқызы
Төрағаның орынбасары – Сыздықова Индира Бауыржанқызы
Хатшы – Мұқашева Жансұлу Асылбекқызы
Комиссияның мүшелері – Бектұрова Алма Хабиболақызы, Степаненко Анатолий Григорьевич

№ 19 сайлау округі бойынша
Орталық: Теміртау қаласы, Республика даңғылы, 30, Қарағанды индустриалдық университеті, 221 кабинет, тел. 8(7213) 900007
Төраға – Брамонтова Светлана Павловна
Төрағаның орынбасары – Қалдыбаева Чупанай Бәкірқызы
Хатшы – Тілемісова Айғаным Жомартқызы
Комиссияның мүшелері – Баймағамбетова Алтынай Хамитқызы, Дүйсембаева Айгүл Шаймахамбетқызы

Сайлау комиссиясының

2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 67 шешіміне қосымша

Қарағанды облыстық мәслихатының депутаттарын сайлау бойынша бір мандатты аумақтық

№ 1 сайлау округі
Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері:
Қарағанды қ., Терешкова көшесі, 40, Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, 3 кабинет.
Шекарасы: 7-ші магистраль бойынша темір жолға дейін, темір жолдан Бұқар жырау даңғылына дейін, Бұқар жырау даңғылынан Кронштадт көшесіне дейін, Кронштадтская көшесінен 7-ші магистральға дейін.
Сайлау учаскелері кіреді: 1-26, 96.

№ 2 сайлау округі
Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері:
Қарағанды қ., Академическая к-сі, 9-үй, "Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті" ЖМ.
Шекарасы: теміржолмен Бұқар жырау даңғылына дейін, Бұқар жырау даңғылынан Саран тас жолына дейін, Саран тас жолынан Нарвская көшесіне дейін, оның ішінде Кирзавод 1-2, Федоровка, Большая Михайловка станциялары, Заводская шағын ауданы, Кирзавод 4-5, разъезд 737км.
Сайлау учаскелері кіреді: 44-47,50,51-70,94,95,793.

№ 3 сайлау округі
Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері:
Қарағанды қ., Шахтеров к-сі 64/3, "Қоғамдық Келісім" КММ.
Шекарасы: Зональная көшесінен Гоголь көшесіне дейін, Гоголь көшесінен Республика даңғылына дейін (№32 тұрғын үйге дейін), Республика даңғылынан (№32 тұрғын үй) Қарбышев көшесінің тақ жағына дейін, Қарбышев көшесінен Ключевая көшесінің темір жолына дейін.
Сайлау учаскелері кіреді: 23,30,71-81,88,90-92.

№ 4 сайлау округі
Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері:
Қарағанды қ., Мұқанов к-сі, 21/5, "Абай мектеп-гимназия" КММ.
Шекарасы: Күңгей шағын ауданынан Сарыарқа көшесіне дейін, Сарыарқа көшесінен Республика даңғылына дейін (№18 тұрғын үй), Республика даңғылынан (№18 тұрғын үй) Мұқанов көшесінің тақ жағына дейін №17 үйге дейін, Мұқанов көшесінің тақ жағынан Гапеев көшесінің № 7 үйге дейін.
Сайлау учаскелері кіреді: 31-33,37-39,43,49,82-85,87,89, 93,794,795,806

№ 5 сайлау округі
Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері:
Қарағанды қ., Мәметова к-сі 111, "Теміржолшылар" МУ.
Шекарасы: Сұрыптау кенті: Жекібаев к-сі, Локомотивная к-сі, Победа к-сі, вагон депосы к-сі, Рабочая к-сі, Молдавская к-сі, Саялы к-сі, Майқұдық к-сі: 13 ш / а., 12 ш / а., 16 ш / а., Грейдерная көшесі, Байжанов көшесі, Таймырская көшесі, Цементная көшесі, Почтовая көшесі, Молдағұлова көшесі (№105 үйден), Солонички станциясы.
Сайлау учаскелері кіреді: 98-106,129-133,136-138,140-142,171.

№ 6 сайлау округі
Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері:
Қарағанды қ., Металлистер к-сі 24/2, "Молодежный" МУ.
Шекарасы: Пришахтинск: Демьян Бедный к-сі, Суриков к-сі, Охранная к-сі, Бірлік к-сі, Курганская к-сі, Пограничная к-сі, Бокни к-сі, 1 Май к-сі, Библиотечная к-сі, Раскова к-сі, Стахановская к-сі, Янтарная к-сі, Санаторная к-сі, Пожарский к-сі, Молодежная к-сі, Методическая к-сі, Лесная к-сі, Экзистузская к-сі, Ушинский к-сі, Мелитопольская к-сі.
Сайлау учаскелері кіреді: 48,97,107-128.

№ 7 сайлау округі
Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері:
Қарағанды қ., Магнитогорская к-сі, 19, "Жаңа Майқұдық" МУ.
Шекарасы: 11 а ш/а, 14 ш/а, Күзем-

сайлау округтерінің шекаралары
басөз к-сі, Соревнования к-сі, Технологическая к-сі, Крупская к-сі, Открытая к-сі, Либкнехта к-сі, Мирный тұйық көшесі, Авангардный тұйық көшесі, Аврора тұйық көшесі, Винницкая к-сі, Актюбинская к-сі, Карл Маркс к-сі, 3, Восток-1 ш/а 2-6/2, Моховая к-сі, 1 квартал, Линейная к-сі, Линейный проезд к-сі, Архитектурная к-сі, Цеткин к-сі, Уральская к-сі, , Пристанционная к-сі, Майлин к-сі (жүп жағынан 78 үйге дейін), Бирюзов к-сі.
Сайлау учаскелері кіреді: 134,135,139,143-159,161,172-174,790,791.

№ 8 сайлау округі
Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері:
Қарағанды қ., Көгілдір тоғандар ш/а, 3, "Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп" КММ.
Шекарасы: ш/а. Восток-1 (№10 үйден), ш/а. Восток-2, ш/а. Восток-3, ш/а. Мамраев ш/а. Шахтерский ш/а. Көгілдір тоғандар, Линейная к-сі; темір жолдан 7 магистраль бойынша, Тәттімбет көшесінен Сарыарқа көшесіне дейін, Сарыарқа көшесінен Республика даңғылына дейін, Республика даңғылына дейін, Гоголь көшесінен теміржолға дейін, темір жолдан 7 магистральға дейін, ш/а. Тауғұл, ш/а. Гүлдер, ш/а., Степной 3 ш/а (№6/1 үйден).
Сайлау учаскелері кіреді: 27,28,35,36,40-42,160,162-170,789,792,806.

№ 9 сайлау округі
Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері:
Теміртау қ., Республика даңғылы 30, Қарағанды индустриалды университеті.
Шекаралары: Теміртау қ.: Қаланың шығыс бөлігі. Қарағанды көшесінің Ми-чурин көшесімен қиылысу бұрышынан Құрылысшылар даңғылының қиылысына дейін; Құрылысшылар даңғылының Ми-чурин көшесінен Б.Момышұлы даңғылына дейін; Момышұлы даңғылынан Республи-ка даңғылының қиылысына дейін. Респу-блика даңғылының 47 бұрышынан 65 үйге дейін, оның ішінде 3А ш / а.; Металлургтер даңғылының 2-ден 6/2, 3, 3/1 үйлері; Респу-блика даңғылының 38-ден 65/5-ке дейінгі үйлері; Момышұлы даңғылының 18-ден 34-ке дейінгі үйлері Абай көшесімен қиылысу бұрышына дейін, Момышұлы даңғылымен 17 Амангелді көшесімен қиылысына дейін. Амангелді көшесінің бұрышынан-9 ш / а., Металлургтер даңғылымен қиылысқа дейін 5Б. Амангелді көшесі мен Металлургтер даңғылы қиылысының бұрышынан бастап даңғылға дейін. Металлургтер, 63. Метал-лургтер даңғылы, 63-тен Қарағанды көше-сіне дейін.

Шекараға сондай-ақ мыналар кіреді: Теміртау-Қарағанды теміржол тармағының 17 шм кенті; Аққұдық ауылы; Жаңа-ауыл станциясы; Карьерная станциясы; Көкпекті станциясы; 2 жабық учаске: орталық аурухана, № 5516 әскери бөлім.
Сайлау учаскелері кіреді: 311,312,31 3,362,363,314,315,316,317,318,319,320,321, 322,329,333,334,364,365,325,348,349.

№ 10 сайлау округі
Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері:
Теміртау қ., Металлургтер даңғылы 24/5, "№ 24 ЖББ" КММ.
Шекарасы: Теміртау қ.: Қаланың орталық бөлігі. Момышұлы даңғылының бұрышынан Абай көшесінен Амангелді көшесі-7 шағын ауданының қиылысына дейін., 33. Амангелді көшесі бойынша 39А 6 ш / а үйіне дейін. соның ішінде 39, 36, 35, 32, 25, 24 100, 102, 102/3, 102/2 үйлерді қоса алғанда,Бейбітшілік даңғылына дейін; Уәлиханов көшесінің 1-ден 16-ға дейін, Тәуелсіздік Б. бойынша 18-ден Республи-ка даңғылына дейін, 85-ке дейінгі үйлері. Республика даңғылынан 67, 67/1, 67/2, 67/3 үйлерге дейін Металлургтер даңғылына дейін үйлерді қоса алғанда 8, 8/1, 5-5/3, 7/4А, 7 / 4Б, 7/5. Металлургтер даңғылы-ның Абай көшесі, 50 -ге дейінгі үйлері.
Сайлау учаскелері кіреді: 323,324,326-328,330,331, 313,332,335,336,341,342, 344-347,366.

№ 11 сайлау округі
Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері:
Қарағанды қаласы, Республика даңғылы, 30, Қарағанды индустриалдық университеті, 221 кабинет, тел. 8(7213) 900007
Округ сайлау комиссиясының орналасқан жері: Балқаш, Приозерск, Саран, Шахтинск, Теміртау қалалары, Абай, Ақтоғай, Қарқаралы, Нұра, Осакаров, Шет ауданы.

орналасқан жері:
Теміртау қаласы, Луначарский к-сі 48/1, "Теміртау медициналық колледжі"-ЖМ.
Шекарасы: Теміртау қ.: Ескі қала бөлігі. Республика даңғылының Тәуел-сіздік Б., 2 қиылысының бұрышынан Ш. Уәлиханов көшесіндегі үйлерді қоса алған-да, 15/1 үйге дейін 20, 20/1, 17, 19, 19/1, Бейбітшілік даңғылы 104, 104/1, 106 6 ш / а дейін. 31-ден 346-қа дейін, 40-тан 64-ке дейін. 59 үйден Амангелді көшесіне дейін. Амангелді көшесінен Сарыарқа көшесінің бұрышына дейін. Әлеуметтік. қала, Ескі қала, Он жағалау, Ақтау кенті, Мырза стан-циясы.
Сайлау учаскелері кіреді: 337-340,343,350-359,361,367-369.

№ 12 сайлау округі
Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері:
Осакаровка кенті, Жамбыл к-сі 1а, "Жастар" балалар-жасөспірімдер орта-лығы.
Шекаралары: Нұра және Осакаров аудандарының әкімшілік-аумақтық бірлік-тері.
Сайлау учаскелері кіреді: 615-638,640,642-661,665-681,684-690,692-697.

№ 13 сайлау округі
Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері:
Шахтинск қаласы, Абай даңғылы 50а, Шахтинск қаласы әкімінің аппараты ММ.
Шекарасы: Шахтинск қаласының әкімшілік-аумақтық бірлігі.
Сайлау учаскелері кіреді: 370-405

№ 14 сайлау округі
Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері:
Абай қаласы, Победа даңғылы 3, Абай ауданы әкімінің аппараты ММ, 16 каб.
Шекарасы: Абай ауданының әкімшілік-аумақтық бірлігі.
Сайлау учаскелері кіреді: 406-447

№ 15 сайлау округі
Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері:
Саран қаласы, Жымбыл к-сі 69/1, Са-ран қаласының Мәдениет үйі.
Шекарасы: Саран қаласының, Бұқар жырау ауданының Центральное, Ростов, Ақтөбе, Қаражар, Қызылқайың, Гагарин, Самарканд, Новоузен, Уштобе ауылдық округтерінің әкімшілік-аумақтық біріл-гі, Баймырза ауылдық округі, Жаңаталап ауылы, Кеншоқы кенті.
Сайлау учаскелері кіреді: 261-280,498-501,515,516,518,519-536.

№ 16 сайлау округі
Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері:
Ботақара кенті, Өліхан Бөкейхан к-сі 7, "Ю. Гагарин ат. ЖОМ".
Шекарасы: Қарқаралы ауданының әкімшілік-аумақтық бірлігі, Бұқар жырау ауданы әкімшілік-аумақтық бірліктерінің Ботақара, Мұстафин кенттері, Ботақара, Қарақұдық, Сунқис, Ақөре ауылдары және Тұзды, Петровка, Көкпекті, Тоғызқұдық, Доскей, Шешенқара, Белағаш, Үміткер, Корней, Ақбел, Бұқар жырау ауылдық округтері.

Сайлау учаскелері кіреді: 566-614, 796,797,487-497,502-514,517,788

№ 17 сайлау округі
Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері: Балқаш қаласы, Уәли-ханов көшесі, 3, кабинет 119, 122
Шекарасы: Балқаш қаласының әкімшілік-аумақтық бірлігі.
Сайлау учаскелері кіреді: 175-208



● ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Жалпыұлттық келісім – кемелдену кепілі

Өткен жыл жана, әділетті Қазақстанды құруға бағытталған бірқатар саяси оқиғалармен есте қалды. Оның ішіндегі ең маңыздысы – Қазақстан халқының жалпыхалықтық референдумда Конституциялық реформаны, Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын мақұлдауы болды. Есепті кезеңде облыстың мемлекеттік органдарының ішкі саясат саласындағы барлық қызметі еліміздің саяси жүйесін жаңғырту жағдайында қоғамдағы саяси тұрақтылықты сақтауға және нығайтуға, халықпен, азаматтық қоғам институттарымен сындарлы диалог құруға бағытталды.

Бұл ретте, жұмыс саяси партиялардың алғы филиалымен, 918 үкіметтік емес және 16 кәсіподақ ұйымымен, 62 этномәдени бірлестікпен бірге жүргізілді.

Облыс бойынша өңірдің үкіметтік емес секторымен бірлесе отырып, 198 әлеуметтік жоба, оның 13-і – ішкі саясат басқармасының тапсырысы бойынша жүзеге асырылды. 9-ы – ұзақмерзімді жоба. Бұл әлеуметтік жобалар мемлекеттік органдар мен ҰЕҰ арасындағы ынтымақтастықты нығайта отырып, өңір тұрғындарының өзекті мәселелерін шешуге, Қазақстан халқының дәстүрлі құндылықтары мен мәдени-тарихи мұрасын дамытуға бағытталды.

Ел Президенті жариялаған Балалар жылына ерекше назар аударылды. Осыған орай, облыс бойынша балаларға арналған шығармашылық, танымдық, спорттық, патриоттық, әлеуметтік және өзге де іс-шаралар өткізілді. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерінің, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрылғанына 30 жыл, Ахмет Байтұрсынұовтың туғанына 150 жыл, Ғабиден Мұстафиннің туғанына 120 жыл, Талғат Бигелдиновтің туғанына 100 жыл, Күләш Бәйсейітованың туғанына 110 жыл, Акселеу Сейдімбектің туғанына 80 жыл сияқты айтулы даталарға арналған іс-шаралар кешені облыс тұрғындары арасында қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуде, тарихи жадты сақтауда үлкен роль атқарды. Жалпы өткен жылы облыста 5 мыңнан астам түрлі әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар өтті.

Мемлекет басшысының қазақстандықтардың саяси және экономикалық өміріндегі түбегейлі өзгерістерге бағытталған бірқатар экономикалық және саяси реформаларды белгілеп берген «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауының негізгі аспектілерін халыққа түсіндіру жөнінде мақсатты жұмыс жүргізілді. Түрлі санаттағы тұрғындар арасында Жолдаудың тақырыбы бойынша түсіндіру және талқылау мақсатында 250 мыңнан астам адамды қамтыған түрлі форматтағы 2500-ден астам іс-шара өткізілді.

Ақпараттық жұмыс өңірдегі барлық республикалық және өңірлік БАҚ-пен, сонымен қатар, ақпараттық агенттіктермен бірлесе отырып жүзеге асырылды.

Облыста 95 бұқаралық ақпарат құралы тіркелген, оның 32-і – электронды, 63-і – баспа, 9-ы – ақпараттық агенттік. Есепті жылы олардың тарапынан ел Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауын түсіндіру, мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асырудағы атқарушы билік органдарының қызметін көрсету, өңірді дамыту және қарағандылықтардың өмір сүру деңгейін арттыру бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстарға кеңінен ақпараттық қолдау көрсетілді.

Өңірлердің өзекті мәселелерін шешу бойынша халықты ақпараттандыру, сондай-ақ, ашық диалог құру мақсатында өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында қала және аудан әкімдерінің, мемлекеттік орган басшыларының 134 брифингі өткізілді. Әлеуметтік желідегі «Әкім сағаты» айдарымен өңір әкімдерінің онлайн-тікелей эфирлері тұрғындар арасында кеңінен танымал болып, 92 613 адамнан 29 111 сұрақ түсті.



Мемлекеттік рәміздерді насихаттау, дұрыс қолдану мен пайдалану жұмыстарына айрықша көңіл бөлінді. Осыған орай, мемлекеттік мекеме өкілдері үшін «Мемлекеттік рәміздерді насихаттаудың нысандары мен әдістері» тақырыбындағы семинарлар дәстүрлі түрде жыл сайын өткізіледі.

Облыс әкімі жанындағы облыстық комиссия мүшелері мемлекеттік, квазимемлекеттік органдар мен жеке құрылымдарға мемлекеттік рәміздерді дұрыс пайдалану мәселелері бойынша 87 әдістемелік және консультативтік көмек көрсетті.

Қазақстанның саяси өміріндегі өзгерістер саяси партиялардың қызметін жандандыра түсті. Облыста саяси партиялардың алты филиалы – «Аманат», «Ақ жол» ҚДП, «Ауыл» ХДПП, «Қазақстан халық партиясы», «ЖҰСДП», «Байтақ» партиялары жұмыс істейді. Олармен тұрақты түрде кездесулер өткізіліп, консультативтік көмек көрсетілді.

Өңір дамуында өрлеу бар

Өткен жыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ» атты Қазақстан халқына Жолдауында және басқа да бағдарламалық құжаттарда белгіленген міндеттерді шешуге бағытталды.

Басымдықтар – әлеуметтік-экономикалық тұрақтылық, экономиканы әртараптандыру, азаматтардың әл-ауқатының сапалы өсуі.

Облыстың әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы

Жалпы өңірлік өнім көлемі бойынша (9 ай.2022 ж. - 4 753,4 млрд. теңге немесе Республикалық көлемде 7,3%) облыс республикада 4 орын алады.

Жан басына шаққандағы ЖӨӨ 2021 жылғы кезеңге қарағанда 16,8%-ға өсумен 4,2 млн.теңгені құрады.

Облыстың қысқа мерзімді экономикалық даму индикаторы 2022 жылдың қорытындысы бойынша 100,2% құрады.

Ауыл шаруашылығында (+1,8%), сауда (+8,9%) және көлік (+0,7%) салаларында өсім қамтамасыз етілді.

Облыстың негізгі капиталына 2021 жылғы деңгейге қарағанда 10,6% өсіммен шамамен 725 млрд. теңге инвестицияланды.

Құрылыста 597 мың шаршы метрден астам тұрғын үй іске қосылды, оның өсімі өткен жылдың деңгейіне қарағанда 2,6%-ға өсті.

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 14,9%-ға артып, 93,1 мың бірлікке жетті.

Жергілікті бюджетке кірістер жоспарланғаннан 11,4% көп түсті (266,1 млрд.теңге). Жұмыссыздық деңгейі 4,3% құрады, бұл республикалық деңгейден 0,6 пайыздық тармаққа төмен (ҚР-4,9%).

Стратегиялық және экономикалық жоспарлау

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік жоспарлау жүйесі шеңберінде Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясында айқындалған әлеуметтік-экономикалық саясаттың міндеттері мен басымдықтарын ескере отырып, Облыстың 2023-2027 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамы әзірленіп, Қарағанды облысы әкімдігінің 2022 жылғы 27 қыркүйектегі №63/02 қаулысымен бекітілді.

Болжамда облыстың әлеуметтік-экономикалық даму тенденциялары, болжамдары мен көрсеткіштері, бюджеттік параметрлер және бюджеттік инвестициялардың басымдықтары көрсетілген.

Облыстың жалпы өңірлік өнімінің нақты көлем индексінің орташа жылдық өсу қарқыны 2023-2027 жылдары 102,6% деңгейінде болжанады.

Қарағанды облысының 2021-2025 жыл-

дарға арналған даму жоспары облыстың («Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 мамырдағы №887 Жарлығына сәйкес) 2 облысқа – Қарағанды және Ұлытау облысына бөлінуіне байланысты түзетілді. Өзгерістер Қарағанды облыстық мәслихатының 2022 жылғы 8 желтоқсандағы ХХІ сессиясының № 275 шешімімен бекітілді.

Өңірді дамытудың стратегиялық көзқарасы сапалы жұмыс орындарын құру және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту арқылы халықтың кірісін арттыруға бағытталған.

Облыстың даму жоспары халық өмірінің барлық салаларын қамтиды: қолжетімді баспана, сапалы инфрақұрылым, қауіпсіз өмір сүру ортасы, әлеуметтік сала, қолайлы бизнес-климат, өнеркәсіп, сауда, логистика, облыс тұрғындарының шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру, кретивті экономика, агроөнеркәсіп кешені мәселелері.

Бұл құжатта мақсат-міндеттер, өңірдің болашаққа даму векторы, басымдықтар белгіленіп, облысымыздың әлеуетін пайдалана отырып шешетін міндеттер мен шешімдер айқындалған.

2025 жылға қарай қамтамасыз ету міндеті коылды:

- жан басына шаққандағы жалпы аймақтық өнім 16,297 АҚШ долларды құрайды;
- еңбек өнімділігінің өсуі 2019 жылғы бағамен бір жұмыспен қамтылғандарға (ЖҚҚ) 31,4% немесе 9 293 мың теңге;
- урбанизация деңгейі - 83,6%;
- 3,2 млн. ш. м. тұрғын үйді іске қосу нәтижесінде әлеуметтік тұрғын үй алу кезегі 40%-ға қысқарады (01.01.2021 ж. жағдай бойынша);
- халықтың қалалардағы сумен жабдықтау қызметтеріне және АЕМ – 100%-ға қол жеткізуі;
- ЖАО жұмыс сапасына қанағаттану деңгейі – 80%;
- тірек және спутниктік АЕМ-нің өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес әлеуметтік игіліктермен және көрсетілген қызметтермен қамтамасыз етілу деңгейі 100%.

Облысты дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған жоспарында көзделген іс-шараларды іске асыру нәтижесінде өңір экономикасының басқеке қабілеттілігін арттыру, халықтың өмір сүру сапасын арттыру және адами капиталды дамыту қамтамасыз етілетін болады.

«Бәріміз бірлігімізді бекемдей білсек, ешқашан әділдіктен аттамасақ, берекелі ел боламыз.»

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 01 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауынан

Облыс мәслихаттарына төрт партияның, атап айтқанда Аманат», «Ақ жол» ҚДП, «Ауыл» ХДПП, «Қазақстан халық партиясы» өкілдері қатысты. «Республика» партиясының филиалын тіркеу жұмыстары жүргізілуде.

Өңірдегі тұрақты қоғамдық-саяси жағдайды қалыптастыруда облыстың қоғамдық кеңесі белгілі бір роль атқарады. Кеңестің жаңа құрамы саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің өкілдерінен және белсенді өмірлік ұстанымы бар азаматтардан құралды. Өткен жылдың өзінде қоғамдық кеңестің 14 отырысы өткізіліп, онда облыс әкімі мен мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының қатысуымен өңірдің өзекті мәселелері талқыланды.

Өңірдегі ұтпаралық қатынастарды нығайту мәселесі басқарма жұмысының маңызды бағыттарының бірі. Мұнда этномәдени бірлестіктермен негізгі жұмыс Қазақстан халқы Ассамблеясы арқылы ұйымдастырылуда.

Бүгінде ҚХА құрылымында 155 Қоғамдық келісім, 129 Аналар кеңесі, 20 жастар этномәдени ұйымы, ғылыми-сараптамалық топ, журналистер мен сарапшылар клубы, «Ассамблея жастары» ОКБ өкілдігі, ҚХА кәсіпкерлер ассоциациясы, «Еріктілер лигасы» волонтерлік ұйымы және т.б. жұмыс істейді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының облыстық ақсақалдар кеңесі өз жұмысын бастады. Мұндай кеңестер облыстың қалалары мен аудандарында да құрылатын болады.

Облыстың төрт жетекші жоғары оқу орнының базасында ҚХА кафедралары ашылып, нәтижелі жұмыс жүргізуде. Қарағанды, Теміртау, Саран қалаларында үш «Достық үйі» жұмыс істейді.

Есепті 2022 жылы ҚХА-ның барлық құрылымдарының қатысуымен 100 мыңға жуық адамды қамтыған әртүрлі форматтағы барлығы 400-ге жуық іс-шара («дөңгелек үстелдер», фестивальдер, байқаулар, оның ішінде онлайн-форматындағы іс-шаралар) өткізілді.

Мемлекет басшысының Жарлығын орындау мақсатында облыс әкімдігі жанынан саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселелері

тұрғындары үшін жайлы өмір сүру ортасын құру жөніндегі шаралар іске асырылды. Жоба шеңберінде даму әулеті бар 160 ауыл анықталды, онда облыс ауыл халқының 89% -дан астамы тұрады. Атап айтқанда, 137 746 адамнан тұратын 68 тірек ауыл және 52 153 адамнан тұратын 92 спутниктік ауыл іріктелді.

Жалпы, жоба бойынша 2022 жылы 21 ауылдық елді мекен қамтылды, онда 58 мың 478 адам немесе ауыл халқының 28% тұрады, 4,3 млрд.теңгеге 42 жоба іске асырылды. 2023 жылға «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында 43 924 адамнан тұратын 32 ауылдық елді мекенді қамту жоспарлануда, 5,5 млрд. теңгеге 33 жоба іске асырылатын болады.

2009 жылдан бастап денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен салаларындағы ауылдық елді мекендердің кадр тапшылығын жоюға арналған «Дипломмен ауылға» жобасы жұмыс істейді. 2022 жылдың қорытындысы бойынша «Дипломмен ауылға» жобасы бойынша 215 әлеуметтік саланың маманы, АӨК және т.б. 975,9 млн. теңге сомасына тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредиттер алды, 107,5 млн.теңгеге 351 маман көтерме жәрдемақы алды.

Инфрақұрылымды кешенді дамыту жөніндегі міндеттерді орындау шеңберінде халықтың базалық қызметтерге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін өткен жылы 234 км су құбыры, көріз және 10,1 км жылу желілері салынды және қайта жөндеуден өтті. Бұл сумен жабдықтау желілерінің тозуын 0,9%-ға (50,88%) төмендетуге мүмкіндік берді.

«Жайлы тұрғын үй» міндетін іске асыру шеңберінде жыл қорытындысы бойынша 2021 жылғы деңгейге қарағанда 2,6% өсіммен 597,2 мың ш.м. тұрғын үй (5,5 мың пәтер) пайдалануға берілді.

Көлік байланысын қамтамасыз ету мақсатында 2022 жылы жергілікті маңызы бар 355,5 км автожол, оның ішінде Балқаш, Теміртау, Саран, Абай, Шахтинск моно қалаларының – 54,5 км автомобиль жолдары жөндеумен қамтылды.

Бұл автомобиль жолдарының нормативтік жағдайдағы үлесін 85%-дан 89%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік берді.

Жалпы, «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» Ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде 2022 жылы 1,7 мыңнан астам жұмыс орны құрылды.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік және мемлекеттік активтер

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік – бұл тұтастай алғанда қоғамды дамытуға бағытталған мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылының неғұрлым тиімді нысаны.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті енгізу халыққа неғұрлым сапалы қызметтер көрсетуге қайта бағдарлануға, өңірлік мәселелерді шешуге, мемлекеттік даму бағдарламаларын іске асыруға, инвестициялар тартуға мүмкіндік береді.

жөніндегі өңірлік комиссия жұмыс істейді. Комиссия құрамына тарихшылар, ғалымдар, түрлі саладағы ғылым кандидаттары, мемлекеттік және арнайы органдардың өкілдері енгізілген. Бір жыл ішінде комиссия он мыңнан астам архивтік материалдарды қарап шығып, жинақ дайындады.

2023 жылы ел Президентінің бастама-сымен еліміздегі жүйелі саяси қайта құрулар заңды жалғасын таппақ. Быыл 19 наурызда Мәжіліс пен мәслихаттардың кезектен тыс сайлауы өтеді. Оның барысында Мәжіліс депутаттарының 70 пайызы партиялық тізім бойынша, 30 пайызы бір мандатты округтерден сайланады. Облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардағы мәслихат депутаттары да аралас жүйе бойынша сайланады, 50 пайызы бір мандаттық жүйе арқылы, 50 пайызы партиялық тізім бойынша өтеді. Ал, аудан және облыстық маңызы бар қалалардағы мәслихат сайлауында азаматтар бір мандатты округтерден шыққан кандидаттарға дауыс береді.

Партиялардың Мәжіліске өтуіне қойылатын шектеуді жетіден бес пайызға дейін қысқарту елді демократияландыру жолындағы маңызды қадам болды. Сондай-ақ, депутаттық мандаттың 30 пайызы әйелдерге, жастарға және ерекше қажеттілігі бар азаматтарға бөлу заң жүзінде бекітілді.

Мұның бәрі мемлекеттің жалпы саяси құрылымына айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Мемлекет басшысы атап өткендей, елімізде қарқынды және жан-жақты жаңару процесі жүріп жатыр. Бұл сайлау қоғамда болып жатқан өзгерістердің көрінісіне айналып, саяси жүйемізді одан әрі жаңғыртуға қуатты серпін береді.

Президент айқындап берген саяси реформаларға біртұтас, топтасқан күш ретінде қолдау көрсете отырып, жүзеге асыру алдымызда тұрған айқын мақсаттардың бастысы болмақ.

Нұрлан БИКЕНОВ,
облыстың ішкі саясат басқармасының басшысы

Қарағанды облысында әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыру жалғасуда, онда халықтың қажеттілігі бар, «сауықтыру» әлеуметтік сала объектілерін талап ететін, ол әрқашан мемлекет басымдықтарының қатарында.

Қарағанды облысында МЖӨ шеңберінде 2017 жылдан 2022 жылға дейін жалпы сомасы 14 млрд. теңгеге 56 шарт жасалды, оның ішінде 2022 жылы денсаулық сақтау саласында мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша «Қарағанды қаласында экстракорпоралдық гемокоррекция орталығының ашылуы» және «Қарағанды қаласы мен Қарағанды облысының гематология саласындағы құзыреттілік орталығының ашылуы».

Аталған жобалардың барлығы жеке қаржы бастамасы тәртібімен бастамашылық жасалған және мемлекеттік міндеттемелерді қамтамайды.

Аталған жобалар әлеуметтік салада іске асырылуда, көш бастап тұрған денсаулық сақтау саласы бойынша 91% өткір әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған, жасалған шарттардың жалпы санының 9% білім беру саласында.

Бұл барлық деңгейдегі бюджеттерді күрделі шығыстардан елді «түсіруге» және медициналық жабдықтарды сатып алу және оларға қызмет көрсету үшін 13,1 млрд.теңге мөлшерінде жеке инвестициялар тартуға мүмкіндік берді.

Шағын және орта бизнеске мемлекеттік мүлік веб-порталы арқылы 51 000 шаршы метрден астам облыстық коммуналдық мүлік және 5 000 бірліктен астам жабдық мүліктік жалдауға берілді. 751 жалдау және жекешелендіру шарты жасалды, бұл облыстық бюджетке 412 млн. теңге сомаға қаражатты толықтыруды қамтамасыз етті.

Ағымдағы жылдың негізгі бағыттары:

– ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бағдарламалық құжаттары мен тапсырмаларында облыс бойынша белгіленген мақсаттар мен міндеттерді қамтамасыз ету;

– бағдарламалық құжаттарда айқындалып, облыс қабылдаған міндеттемелерге мониторинг жүргізу;

– мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту, сондай-ақ, басқармалардың жетекшілік ететін салалары бойынша өңірлердің бастамаларын қолдау болып табылады.

2023 жылы облыс экономикасының өсімін 2022 жылғы қол жеткізілген деңгеймен салыстырғанда кемінде 2,4%-ға артытылуы өнеркәсіп көлемін 1,6%-ға, ауыл шаруашылығы – 3%-ға; құрылыс – 4,2%-ға, көлік қызметі – 2,5%-ға, сауда – 3,5%-ға ұлғайту есебінен қамтамасыз ету жоспарлануда.

Алға қойған міндеттерді орындау бойынша жұмыстар жалғасады.

Татьяна АБЛАЕВА,
облыстың экономика басқармасы

● ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Бизнес: мүмкіндіктер және перспективалар

2022 жыл шағын және орта кәсіпкерліктің іскерлік белсенділігінің өсуімен ерекшеленді.

Жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны 14,9%-ға өсіп, 93 086 бірлікке жетті. Көрсеткіштің өсуі облыстың барлық өңірлерінде және экономика салаларында байқалады.

ШОБ-та жұмыспен қамтылу 5,4%-ға 225,7 мың адамға дейін ұлғайып, облыстағы барлық жұмыспен қамтылудың 40%-дан астамын қамтамасыз етті. ШОБ субъектілері 1,7 трлн. теңге сомаға өнімдер мен қызметтер шығарды (2022 ж. 9 ай), бұл өткен жылмен салыстырғанда 14,5%-ға артық.

Бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өңірлер мен қалалардың жыл сайынғы республикалық рейтингінің нәтижелері бойынша Қарағанды облысы республикада 5-орынға ие болды (сауалнама және статистикалық деректер бойынша). TOP-10 үздік ауданға (елдің 200 әкімшілік-аумақтық бірлігінен) облыстың Бұқар жырау, Осакаров және Ақтоғай аудандары кірді.

2022 жылы бизнес-жоспар құру мен идеядан бастап бизнесті масштабтауға дейінгі барлық қолдау шаралары 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде іске асырылуда.

Оны іске асыруға есепті кезеңде бизнесті қаржылық қолдау үшін 16,5 млрд.теңге бөлінді, бұл 55 млрд. теңгеден астам кредит сомасына 5 мыңнан астам ШОБ жобасын қаржыландыруға мүмкіндік берді.

Оның ішінде: 42 млрд. теңге кредит сомасына 3,0 мың жоба субсидияланды. 9,7 млрд. теңге кепілдік сомасына 906 жобаға кепілдік берілді, 900 млн. теңгеге 719 грант және 2,6 млрд. теңгеге 373 микрокредит берілді.

Мемлекеттік субсидиялардың арқасында Теміртау қаласында «Кішкентай таланттар академиясы» бөбекжай-бақшасы», Қараған-

ды қаласында «Балғын жас», «AQYLDY BALA» және «Алтын Мирас» балалар мекемелері ашылып, кеңейтілді.

Қарағанды қаласындағы «Alanda Clinic» жеке клиникалары, «ГлазоЛик» офтальмология орталығы, «SANAD», «AKA DENT», «АҚНҰР – 1» клиникалық-диагностикалық оңалту орталығымен жаңа заманауи медициналық жабдықтар сатып алынды.

Біздің отандық компаниялар өндірісті кеңейтті: «SUNPAPER» ЖШС (қағаз бұйымдарын өндіру); «ҚазПласт» ЖШС (пластик бұйымдарын өндіру); «Қазтехфильтр» ЖШС (машиналар мен жабдықтарға арналған сүзгілерді өндіру); «Нәтиже-тәтті» ЖШС (кондитерлік бұйымдарды өндіру); «ЭРГОНОМИКА» ЖЗК (электр тарату және реттеуші бұйымдарды өндіру); Дедов ЖШС (Шұжық және ет өнімдерін өндіру); «ККК Бетон» ЖШС (тауарлық бетон өндірісі) және т. б.

Жастар кәсіпкерлігін дамытуға көп көңіл бөлінеді. 2022 жылы жас кәсіпкерлерге Қарағанды облысы әкімінің 50 гранты (әрқайсысы 2 млн. теңгеден), қалалар мен аудандар әкімдерінің 130 гранты (орта есеппен 1 млн. теңгеден), кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін 280 грант (400 АЕК



бойынша) берілді.

Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны іске асырудың әсері айтарлықтай – 12,9 мың жаңа бірегей кәсіпорын ашылды, 5,6 мың жаңа жұмыс орны құрылды, барлығы 39 мың адам жұмыспен қамту шараларымен қамтылды.

Ұлттық жобаға қосымша облыс кәсіпкерлері үшін жаңа қолдау құралдары қосылды.

Экономиканың басым секторларында моноқалалар мен облыс орталығының кәсіпкерлері үшін «Кәсіпкер» кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік бағдарламасын әзірледі. Осы салалардағы бизнесті қолдау өз өндірісін кеңейтуге, сол арқылы облыстың экспорттық әлеуетін арттыруға, креативті кәсіпкерлікті дамытуға серпін беруге мүмкіндік береді.

Бағдарламаны қаржыландыру облыстық бюджет пен Даму қорының тең қаражаты есебінен жүзеге асырылады. 2022 жылы «Кәсіпкер» бағдарламасын іске асыруға 500 млн. теңге бөлінді, спорт және көлік

саласында 108 млн. теңге сомасына 3 жоба қаржыландырылды және 544,5 млн. теңге сомасына 13 жоба қаралуда.

Бизнес үшін қаржылық емес қолдау да сұранысқа ие.

2022 жылы кәсіпкерлік бастамасы бар 1200-ден астам адам Қарағанды облысының кәсіпкерлер палатасында тегін сервистік қызметтер алды, оның ішінде 520 клиент өз бизнесін ашты. Палатаның қалалар мен аудандардағы филиалдары жанындағы Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарында бизнесті ақпараттық қолдау бойынша 11 мыңнан астам қызмет көрсетілді.

2022 жылғы 30 қыркүйекте 100 адамды қамти отырып, бизнестің алдында бақылау-қадағалау органдарының жыл сайынғы бірыңғай есеп беру күнін өткізді.

Бизнесті қолдаудың жаңа форматын енгізудеміз – бұл әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау. Өткен жылы облыста арнайы комиссия құрылып, біздің екі компанияға әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері мәртебесі берілді («Қолғанат-Қарағанды» ЖШС және «Лезихин Евгений Николаевич»ЖК).

Облыс кәсіпкерлерінің 40%-ға жуығы сауда саласында қызмет атқарады. Жыл қорытындысы бойынша ішкі сауда көлемі 2021 жылға қарай 8,9% өсіммен 3,2 трлн. теңгеге жетті, оның ішінде бөлшек тауар айналымының көлемі 3,7%-ға өсті (1,3 трлн.теңге) және көтерме 12,5% (1,9 трлн.теңге).

Жаңа бизнес нысандарының құрылысы жалғасты. Мәселен, 2022 жылы сауда және қызмет көрсету саласында 20,8 млрд. теңгеге 278 жоба іске асырылып, 1266 жұмыс орны құрылды.

Біздің өңірдің экономикасын дамытудың маңызды факторы туризмді дамыту болып табылады, ол өндірістен ойын-сауық саласына дейін бірқатар бизнестің өсуіне алып келеді.

2022 жылы туризм саласында 2,4 млрд. теңге инвестиция сомасына 15 жоба іске асырылды. Мысалы, Қарқаралы ауданында 3 демалыс аймағы ашылды (Аяулым қонақ үйі, хостел, «Batut & Brothers» демалыс аймағы); Қарағандыда – «Capital» жатақхана-сы және «Сарай Ділда» мейрамхана-қонақ

үй кешенінің құрылысы аяқталды.

Туризмді дамыту үшін алғаш рет 2022 жылдан бастап туристік қызметті дамытуды ынталандыру шаралары бекітілді. Осакаров және Бұқар жырау аудандарының 3 санитарлық-гигиеналық тораптарын күтіп-ұстау субсидияланды.

2022 жыл бірқатар шет елдердің ресми өкілдері тарапынан қызығушылықтың жоғары деңгейімен атап өтілді. Біздің облысқа Германия, Польша, Румыния, Латвия, Беларусь, Ресей және Тәжікстан елшіліктерінің өкілдері келді. Осы кездесулер аясында экономиканың барлық салаларында өзара тиімді ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

2023 жылы кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде бизнесті қаржылық қолдау жалғасады.

«Кәсіпкер» өңірлік бағдарламасының кредиттік портфелін 3 есеге кеңейту және жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға гранттық қаржыландыруды 5 есеге ұлғайту жоспарлануда.

Туризм саласында көлік құралдарын сатып алуға, туризм және жол бойындағы сервис объектілерін салу және реконструкциялау кезінде шығындардың бір бөлігін өтеу түрінде қолдаудың жаңа қаржылық шаралары ұсынылатын болады, сондай-ақ, санитариялық-гигиеналық тораптарды күтіп-ұстауды субсидиялау жалғастырылатын болады. Туроператорлар мен БАҚ үшін ақпараттық тур өткізу және туризм бойынша жаңа сайт әзірлеу жоспарланған.

Былл жеке инвестициялар есебінен 1,3 мыңнан астам жұмыс орнын құрумен сауда, туризм және қызмет көрсету саласында 12,8 млрд. теңге инвестиция сомасына 170 жаңа нысан ашу жоспарлануда.

Өңірлік кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, жеке кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі Сараптамалық кеңестің жұмысы және бақылау-қадағалау органдарының бизнес алдындағы бірыңғай есеп беру күнін өткізу жалғасады.

Нұрлан АЛИМЖАНОВ,
облыстың кәсіпкерлік басқармасының басшысы

Марғасқа ақын, маңғаз жыр



(Соңы. Басы 1-бетте)

Халқымызда «Адам асыққанда және ашуланғанда шайтан көріне мініп, азғыра түседі» деген сөз де бар. Осы тұрғыдан Баян сол ашудың кесірінен бауырынан, ғашығынан айырылып, өзін кінәлі сезініп, аз сарбазбен жауға шабуыл жасап, қазаға ұшырап отыр.

Бұл Мағжан шығармашылығындағы шоқтығы биік туынды. Адамзаттық мәселе көтеріп тұрған классикалық поэмалар қатарына жатады. Әр оқыған сайын түрлі әсерге бөленесіз және әр жастағы адамдарға түрліше әсер етеді. Дерекке сүйенсек, Мағжан бұл шығармасын 1923 жылы 30 жасында М.Әуезовтің Ташкент шаһарындағы үйінде бір тәулікте жазып шыққан көрінеді. Өлеңге, өнерге деген іңкәрлік демей көрініз...

Поэманың өміршеңдігі мен көтерген жүгі Абайдың қалам сілтеуін еске салады. Абай мен Мағжанның дәуірі баска болса да, құндылық ортақ.

Рухани ұстазымыз Мағауия Сембайдың «Мағжан қайда жерленген?» мақаласында төмендегідей дерек бар.

«Мағжан Жұмабаев ақталмай тұрғанда ақынның «Батыр Баян» поэмасын өзіміздің «Орталық Қазақстан» газеті республикада бірінші болып жариялады. Ақынның атын айту ол кезде мүмкін емес. Жайық Бектұров ағамыз поэманы көзінің қарашығындай сақтап жүріп, сол кездегі Нұрмахан Оразбековке әкеліп көрсеткенде, батыр редакторымыз «Орталыққа» жариялап жіберіп, айда аспаннан шығарған» дейді Мағауия Сланбекұлы.

Тарихи туындының «Орталықта» алғаш жариялануы – үлкен мәртебе.

Мағжанның ешкімге ұқсамайтын шығармалар тудыруының, елін-жерін өмірден сүюінің, өлеңге, ағартушылыққа өмірін арнауының да негізі Абай шығармаларында жатыр десек, қателеспейміз. Неге десеіңіз, Абайдың шығармаларын терең түсінген адам мына өмірге басқаша көзбен қарай бастайды. Мағжанның үлкен тақырыптарға баруына алтын көпір болған дүние Абай

өлеңдерін жан-дүниесімен түсіне алуының жемісі дер едік.

Бұған жарқын мысал Мағжанның замандастары. Алаштықтардың кез келгенін алып қараңыз. «Елім, жерім!» дегенде оттан да, оқтан да тайынбаған. Өйткені, олар Абайдың шығармаларын бойына сіңіріп, сонымен тәрбиеленді, сонымен ержетті.

– Ақындық сапарының ілкі қадамында ол ағартушылық дүниетанымының аясында толғанды. Мұның өзі түсінікті де еді. Лермонтов Пушкиннің ізін баса келгені сияқты, Мағжан Абайдың ізін басты. Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағы 1909 жылы шыққанда ол 16 жаста болатын. Ол бір сөзі мың жыл жүрсе дәмі кетпес Абай поэзиясына ғашық. Алтын хақім Абайға атты «Шолпан» жинағында жарияланған өлеңінде ұстазына сендей ақынды дүние қолын жайып енді күтпес дей келе, тыныш ұйықта, сенің ісінді алға апарар мына біз, жастармыз, деген ой айтады. Өзі де ағартушылық арнада жазылған өлеңдерінде нандандықты түйрейді, өнер-білімге шақырады. Бұдан туатын қорытынды: қазақ халқының былайғы дамуында, рухани өсу, өркендеу жолында Абай творчествосының өпшес маңызын барша әлеуметтен ерте, дұрыс та терең таныған жап-жас Мағжан еді, – деп жазыпты мағжантанушы Шерияздан Елеукенов.

Абай өзіне дейінгі ауыз әдебиеті мен жараулар поэзиясын бойына сіңіріп, орыстың, Еуропаның әдебиетіне одан әрі әлемдік әдебиетке құлаш сермеп, тыннан сүрлеу салса, Мағжан да өзіне дейінгінің бәрін қотарып алып, адамзаттық деңгейде іздене жүріп, өлмейтін мұра қалдырды. Ізденіс, адамзаттық ұлы мұрат, адамдық және азаматтық борышты сезіну, қаламның қиесін тану тұрғысынан да екі алыптың арасын алтыннан есілген үндестік арқауы байланыстырып тұр. Бұл Абай мен Мағжанға ғана емес ұлттың бағына туған ұлылардың бәріне тән.

Екі ақынның өлеңдеріндегі ой үндестігі хақында бірер мысал келтірейік.

Абай: «Жасымда ғылым бар деп ескермедім, пайдасын көре тұра тексермедім. Ержеткен соң түспеді уысыма, қолымды мез-

гілінен кеш сермедім» деп, өз өмірін мысал ете отырып, жастықтың қымбат екенін ұлы істердің жастық жалынмен жасалатынын ойға арқау етеді.

Ал, Мағжан: «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, Қырандай күшті қанатты. Мен жастарға сенемін!» деп, өмір гүлінің ерте қиылатынын сезіп, бар үмітін жастарға артады. Елді жастардың көркейтеріне сенеді.

Екеуі екі қырынан жырлай келе жастықтың жалынын өзінен кейінгі жас буынға аманаттайды, жастарды жақсылыққа, өнер-білімге шақырады.

Достық хақында Абай: «Моласындай бақсының, жалғыз қалдым – тап шыным» десе, Мағжан «Ақында адамзаттан дос болмайды, жалғыз-ақ, сырын сөйлер қаламына» дейді. Абай ойын өз өмірі арқылы жеткізсе, Мағжан ақында дос болмайтынын қадап тұрып айтады.

Абай: «Мәз болады болысың, арқаға ұлық қаққанға. Шелтірейтін орысың, шенді шекпен жапқанға» деп өз дәуірінің атқамінерлерін сынаса, Мағжан: «Ө, білімсіз, білімсіз, түрленіп қалты үйіңіз, тын-ақ түзір күйіңіз. Байқаймын, мол ғой, тегінде, алатын елден сыйыңыз» деп өзініше ой өреді.

Екі ақынның да шығармаларында адал еңбек ету, мал табу жөнінде де айтылады. Мәселен, Абай: «Түбінде баянды еңбек егін салған, жасынан оқу оқып, білім алған» десе, Мағжан: «Еңбекші ел, ашуы – ұшан, мейірімі мол, жанымды тартты саған жалаңаштап» деп ақтарыла сырласады.

Табиғат лирикасында да үндестік байқалады. Абай: «Басын сіліксе, қар жауып, мазанды алды, борандай бүрк-сарқ етіп долданғанда» деп, қысты көз алдына әкелсе, «Боран соғып тұр борап, жолды басқан құр сорап» деп, қысты өзіңше суреттейді.

Ал, махаббат лирикасында да екі алыптың қайталанбас өлеңдері баршылық. Абай: «Білектей арқасында өрген бұрым, шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын. Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты, сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?» деп қазақ қызының сұлулығына тамсанса, Мағжан: «Сылдыр, сылдыр, сылдыр, қанымды қайнатай құрғыр. Шық-шық жүрекке тиеді, күлпара талқан боп сынғыр» деп сезімімен үйлестіре сыр шертеді.

Байқасақ, осы мысалдардан-ақ, екі алыптың қалам сілтер ерекшелігі көзге ұрып тұр. Абай өз мені арқылы халықтың сөзін айтса, Мағжан ойды төтесінен бір-ақ тастайды. Десек те, ортақ ой, ортақ тағдыр. Яғни, біз Абай мен Мағжан шығармашылығына үңілгенде осындай ішкі үндестікті аңғарамыз. Мағжанның Абайға арқа сүйегені, оны «ұлттық әдебиеттегі аласармайтын, қайта айналып соғып отыратын биік шың» деп бағалағаны анық. Мағжандай марғасқа ақынның маңғаз жырлары қазақ халқы барда оқыла берері тағы да ақиқат.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 100000, Қарағанды қ., Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 56, «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерінің бос лауазымдарына конкурс жариялайды.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Ішкі аудит қызметінің басшысы мынадай біліктілік талаптарына сай болуы тиіс:

- 1) экономика және қаржы, және/немесе бухгалтерлік есеп және аудит, және/немесе бухгалтерлік есеп және аудит, және/немесе қаржылық менеджмент және/немесе қаржы және кредит салаларындағы жоғары кәсіптік білім, ақпараттық технологиялар және/немесе техникалық және/немесе құқықтану саласында қосымша білімі бар;
- 2) аудит және/немесе бухгалтерлік есеп және/немесе қаржы саласындағы жұмыс тәжірибесі – кемінде үш жыл;
- 3) басшы лауазымдағы жұмыс тәжірибесі – кемінде екі жыл;
- 4) Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін, оның ішінде аудиторлық қызмет, бухгалтерлік есеп және салық салу мәселелерін білу;
- 5) ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors Inc) әзірлеген халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын және халықаралық кәсіби ішкі аудит стандарттарын, халықаралық аудит стандарттарын (ХАС) білген жөн;
- 6) қосымша арнайы даярлықтан өткен жөн, атап айтқанда «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес алынған «Аудитор» біліктілік куәлігінің және/немесе CIA (Certified Internal Auditor) ішкі аудит саласындағы сертификаттың және/немесе ASSA (Association of Certified Chartered Accountants) алқап бухгалтер сертификаттың болуы және / немесе DipIFR дипломы (Diploma in International Financial Reporting) және / немесе CIPA халықаралық кәсіби бухгалтер сертификаты (Certified International Professional Accountant), және / немесе диплом DipPIA (Diplomain Professional Internal Auditor);
- 7) мемлекеттік және шет тілдерін меңгерген жөн.

Ішкі аудит қызметінің қызметкері мынадай біліктілік талаптарына сай болуы тиіс:

Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының 2022 жылғы 12 айдағы аудиторлық қызметінің нәтижелері туралы

Қарағанды облысы бойынша Тексеру комиссиясымен мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес 2022 жылдың 12 айдағы 15 аудиторлық іс-шара жүргізілді. Мемлекеттік аудитпен 145 507 023,1 мың теңге қаражат көлемімен 83 объект қамтылды.

Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын бұзу 10 703 754,8 мың теңгеге (аудитпен қамтылған қаражат сомасының 7,4%) анықталды. Оның ішінде 3 284 559,3 мың теңге қалпына келтірілуге (өтелуге) жатады, 2 238 974,8 мың теңге немесе 68,2% қалпына келтірілді (өтелді).

Жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша жолданды: *аудит объектілеріне* – 15 аудиторлық қорытынды және 34 нұсқама (25 ұсыным, 108 тазырма), 39 лауазымды тұлға

тәртіптік жауапкершілікке тартылды; *мәслихаттарға* – лауазымды тұлғалардың Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін сақтамауының анықталған фактілері бойынша 15 ұсыныс;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға – 300 аудит материалы, әкімшілік жауапкершілікке айыппұлдың жалпы сомасы 14 912,8 мың теңгеге 137 тұлға тартылды.

Тексеру комиссиясымен есептік кезеңде 12 әкімшілік материал жасалды, 10 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Оңалатылған тәртіптен салынған әкімшілік айыппұлдар сомасы 2 297,3 мың теңгені құрады, ол бюджетке толығымен өтелді.

д.



● ЖЕТІ ҚАЗЫНА

*«Итжақсысы-Ақбақай, Үйде жоқ та түзде бар...»
Қожамбет би*

Жаһандану дәуірі ойына келгенін істеп жатыр.

Тіпті ойға алмайтын нәрселер болып жатыр.

Өзекті жандар құдайы болмысынан бас тартып жатыр. Жарық дүниеге еркек болып келіп, қараңғы түнекке ұрғашы болып аттанып жатқандар қарасы көбейе түсуде.

Мынау бақырлық дүниеде еркек болып та, ұрғашы болып үлгеріп жатқандар да баршылық. Қазактың баяғы кызтекелері жолда қалған. Екі байға тиоге рұқсат сұрап жатқан қарындастарымыз да баршылық.

Миға кірмейтін, ойға алмайтын нәрселер орын алуда. Өсте сенгін келмейді. Адамзат баласы өзі әлпеттестермен жұптаспай басқа мақұлықтармен жұптасқанды жаратқан жайы бар.

Қалай дегенде әлемде ит күлті жүріп тұр. Бразилияда ит шіркінді өздерімен қатар қояды. Олардың некесін шіркеулерінде қияды, тойларын шілде айында арнайы мейрамханаларда өткізеді.

Мұндай кулът басқа жұрттарда да жүріп тұр.

Ит култынен қазақ баласы да бас тартып отырған жоқ. Жоғалтып алған ит култын қайтып қалпына келтіру бойынша бүгінде қазақ даласында қыруар жұмыс жүріп жатыр. Оның ішінде қазақ төбеті мен қазақ тазысын әлем жұртшылығының назарына алып шығу бүгінгі қазақ итбегілерінің басты нысаны болып калуда. Мемлекеттің тарапынан бұл бағытта барынша қолдау көрсетілуде.

Аға ұрпақ өкілі мұның не екенін білсе керек. Өкіметтің үңсіз қолдауымен өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында ит біткенді қырып салғанымыз бар. Ит ауруы қойға жұғады деген догма болды.

Бүгінде бәрі басқаша. Ветеринарияның жетілгені соншалық, бүгінде итке қой ауруы жұқпаса, қойға ит ауруы жұға қоймайды.

Итпен жұбайлық жағдайда тұратын иісалмастарды бүгінде көз көріп отыр. Тіпті, олардың некеге отырғандары да бар дейді. Енді жыланымен бірге тұратын әуезе шығыпты дейді.

Мына жарық дүниеде біраз жүре тұрсақ оны да көретін болармыз.

Ендігі әңгімеміз ит жөнінде...

Одан бұрынғы әңгімеміз қасқыр жөнінде болған. Ал қасқыр жүрген жерде иттің жүруі үйреншікті жайт. Оның үстіне жалпы ит жөніндегі баба түсінігінен ажырап қалғанбыз. Түсініп отырмын. Бір жиырма бет ит жөнінде не жазды деп отырған боларсыз. Анығы сіз біле бермейтін жайды жазып отырмын. Сіз елемеген, сіз назар аудармаған ұсақ-түйектей болып көрінегін елеусіз нәрселер...

Мал қиының өзін жапа, тезек, томалаққа айыратын бабаларымыз итті қасқырдан қанша алыстатқанымен өзінен ешқашан да алыстатқан емес. Сонда қаншалығы жақын, болмаса алыс? Бірге тұмағаны болмаса...

Анығы қасқырдан жақын. Қасқырды қалай киелі санаса итті де киелі мақұлық санайды. Ит туралы жаман сөз айтып көріңіз...

– Тәйт әрі, тантымай отыр, – дер еді.

Мұны екінің бірі айта қоймас, ал қазақтың кез келген көпей шалы айтады. Екінші рет айтып көр дегендей ызбармен айтады.

Мұның өзі көп жайтты ұғындырса керек.

Қазақ түсінігінде Жаратушы итті адам, оның ішінде қазақ үшін жаратқан. Мұндайда «баланың барлығы, иттің көптігі білінбейді» деп айтады.

Бабаларымыздың ит жөніндегі діни нанымды да бұл түсініктен алыс жатқан жоқ. Ит жерге жұмақтан келген және жұмағына барады.

Соған орай қазақ баласы итті де жерге арулап көмген.

Иттің адам баласына өткен еңбегі көп. Соның ішінде бабаларымыз оның екі қасиетіне ден қойған.

Оның бірі – құтқарушылығы.

Тағы бірі – асыраушылығы.

Осы жерде сәл шегініс жасалық. Кейінгі кездегі әлемдегі табиғи апаттың күрт өсуі итке деген сұранысты да айтарлықтай өсірді. Осыған орай бүгінде иттің ізішіліне, иісішіліне (із-бақай, иісбақай) сұраныс көптеген елдерде мемлекеттік деңгейде талқылануда. Оларды өсіру үшін арнайы тұқымбақтар ашылуда.

Ит баласы қашанда иесін қасқырмен қосы қондырмаған.

Ит баласы иесінің басына ғана емес, қора-қопсысына, алдына салған малына қарауыл болған.

Адамзат баласы ота атаулыны адамнан бұрын оның адал досы итке жасаған. Күні бүгінге дейін солай.

Кей елдің құтқарушы қызметінің

нышаны ретінде осы ит бейнесі алынған. Талай қаланың қалалық нышанында ит бейнесі жеткілікті.

Алғашқы түсінікте ит Құдай орнында жүрді. Көне эллада жұрты әлі күнге дейін сол сенімдерінен ажырай қойған жоқ.

Ит баласы қашанда аузындағысын иесімен бөліскен.

Бұл әсіресе ашаршылық жылдарында білінген.

Мүтіл ауылды асыраған иттер аз болмаған. Бұрындары ондай иттер туралы әңгімелер айтылушы еді, бүгінде ұмытылған. Бүгінгі түсінікте итті адам асырап отыр.

Бүгінде ит қазақ баласының ермегіне айналған. Қасқырға қарсы салатын иттерін октогонға кіргізіп қойған. Одан тірі шыққан иттер болса санаулы болар. Осының бәрін бозөкпелер істеп жатса кешіріммен қарауға болар, алайда оның да басы-қасында ел ағаларының жүретіні көрініп қалып жүр.

Бұрында біреу ит сатты деген әңгіме естілген емес.

Қазақ баласы ешқашан

да итті тауар деп білген емес.

Бүгінде бұл әңгіме желдей есіп тұр.

Соған қарамастан мәрт қазақ итті қалай тегін алудың жолын білген. Не қалаған, не бұйымтайшылаған. Мұндайда жөн білетін қазақ баласы дәрменсіз. Жетелетіп қоя береді. Ит жетелеген қазақ осылайша бұрын да білінген.

Қарымтасы қалаушының мәрттігіне байланысты. Біреулері мініп келген атынан түскен. Біреулер үйір жылқы айдатқан. Біреулер ішік кигізген.

Мұның бәрі қазақ даласында кәдімгідей әңгіме болған. Сондықтан қазақ даласына аттары шыққан ит баласы баршылық.

Қазақ дүниетанымында ит сертті мақұлық, иесіне адалдықтың үлгісі. Иесіне ет асса, итіне сүйек тастаған. Бұл оның да қандай жағдай болсын күтімі болды деген сөз.

Қазіргідей ит қуған бала болмаған. Қазіргінің баласы иттен қашық жүргісі бар, бұрынғының баласы итке қанай жүрген.

Өздерін иттен тудыратын, болмаса өрбітетін жұрт жер бетінде аз емес. Оларға арнап орнатылған ит мүсіндер де баршылық.

Иттің кәдімгідей соғысқа қатысқанын жұрттың бәрі біледі. Ғарышқа да солар иесінен бұрын ұшты.

Иттің иесіне деген осы адалдығын адамзат баласы бүгінде оны ит жарықтықтың өзіне қарсы пайдалануда. Өртке де бірінші болып кіретін осы иттер, минаға да ұрынып жататын осы иттер, бір сөзбен айтқанда олар заманымыздың қамқалзелері болып тұр.

Дегенмен адамзат баласы итке деген құрметін жоғалта қойған жоқ. Ит кеше де босағада отырмаған. Бүгінде иттің орны төр.

Ол құрметті адамзат баласының итке орнатқан ескерткішінен көруге болады. Қазақ жерінде де ондай мүсіндер бар. Алайда арнап мүсін соқты дегенді естімедім.

Діни нанымда адамзат баласының құрбандыққа қой шалғаны белгілі.

Ежелгі түркі жұрты да құрбандық шалып тұрған. Онысы, әрине, қасқыр еді.

Құрбандыққа ит те шалынған.

Әлі күнге солай. Газ атылып жатса да алдымен ит жүреді, сөулен шығып жатса да ит жіберіледі, жер сілкінесе де қиранды астында ит жүргенін көреміз...

Бұл жазбаымыз ит жөніндегі танымдық жазба болғандықтан оның биологиялық, болмаса физиологиялық негіздерін ежіктеуге ұмтылмадық.

Ит жөніндегі жалпы түсінігімізді мұнан арман қазақ баласының, оның ішінде бабаларымыздың түсінігімен жалғастырғанымыз жөн болар деп ойлаймын.

Ит жарықтықтың мәртебесін бабаларымыз бір-ақ ауыз сөзімен берген.

Жеті қазынаның бірі деп! Қалған әңгіме осы қазынамыз туралы.

Қазақ баласының ит туралы қазақы танымы туралы.

Сіз қанатты мақұлықтарды білсеңіз керек. Қанаты бола тұра ұша алмайтынын да жақсы білесіз деп ойлаймын.

Олардың қатарын бабаларымыз түйеқұс деп біледі. Не түйе емес, не құс емес...бұл өз алдына лексем болғанымен бабаларымыз бұл сөзді де кемсіткі сөз ретінде пайдаланғаны байқаймыз. Қанатын бола тұра ұша алмайсын деп тұр.

Ал қанаты жоқ сүйген мақұлықа-

Ақбақай

(Ақселеу Сейдімбектің рухына)

Төрехан МАЙБАС,
этнограф-жазушы

тына қанат байлап беріп, онысын пырақ деп барынша көтермелеген.

Осы жерде еске ең алдымен жылқы жарықтығымыз түссе керек.

Қанатты жылқымыз біздің елтаңбамызда тұр.

Қанатты қасқырларды да білсек керек.

Қанатты барыстардың сұлбасы да қазір жер-көкті басып кетті.

Қанатты иттер жөнінде бұлай деп айта алмаймыз.

Өйткені бізде сол қанатты итке бергісіз, қанатты иттен де жүйрік италақазымыз бар.

Өкініштісі сол ұлттық мифологиялық эпосамыздың табиғатын аша алмай келеміз. Жұрт мұндағы италақазды кәдімгі сары ала қазбен шендестіреді. Ал бұл құстың алып бара жатқан ештенесі жоқ.

Бұл мифологиялық эпсанамызды басқаша өрбітетін жұрттар да бар. Олар қаздың орнына құмайды айтады.

Бұл құсты да аспандата қоятындай керемет бір ерекшеліктері



жоқтың қасы. Өлексемен қоректенетін отырықшы құстардың бірі. Бұл өзі кәдімгі гриф. Санитар құс.

Соған қарамастан бұл эпсана ел ішінде әлі де айтылып келеді, айтыла да береді және оған соқыр сеніммен сенеді.

Бүгінде иттің жүйрігін, ит болған-да тазының жүйрігін осы құмаймен байланыстырып құмай, құмай тазы деп айтушылық белең алуда.

Шын мәнінде ит жүйрігін бабаларымыз ұшар деген. Оның өзінде ұшар деп әлгі қанатты бақайларымызды айтады.

Ұшар деп ерекшеленгімізбен мұнымыз кәдімгі тазы.

Оның өзін қазақ итбегілері екіге бөледі. Ойшар деп, өршар деп.

Өршарымыз төсі кіріккі, қуырығы шұбаңқы келетін тазымыз, бұл жүйрігіміз өрге қарай жүгіреді.

Ойшарымыз төсі шығыңқы, қуырығы сербегінің үстінде шырылып тұратыны, бұл ұшарымыз ойға қарай жүгіреді.

Қара Ертіске құятын Шар деген өзен бар. Қалбатаудың Шары деп жүр. Кешегі үлкендер осы Шарды Ұшар деп ежіктей түсер еді. Қалмақ атауы деп жүрген жұрт та бар. Дұрысы алдыңғысы болса керек.

Ендігі әңгіме бабаларымыздың ит жөніндегі түсінігінен туып, бізді адастырып жүрген әңгіме-әпсаналар туралы.

Ит серті бар мақұлықат. Киіктің серті жол кесу болса, иттің серті ерте ме, кеш пе ата жауымен бетпе-бет келу. Ал иттің жауы кәдімгі қасқыр. Кез келген қасқыр итті бұтарлап кете алады. Керісінше итте ондай қауқар болғанымен айбын жоқ. Кейбір иттер қасқыр алғанымен, көбінесе өздері жем болып жатады.

Ит әбден қартайғанда бұл сертінен тая алмайды.

Ол ұли бастайды. Ата жауын іздейді. Бұрынғыдай бұғып қала алмайды. Жауына жемтік болып кетсе де шайқасып өледі. Иттің жақсы аталатыны, өлімтігін көрсетпейтіні осыдан.

Негізінен бұл мәтел жүрексіздерге, қорқақтарға қаратылып айтылады. «Ит жақсысы өлімтігін көрсетпейді»

дегенде бабаларымыз осыны айтып отыр. Бұл мақал «Жаксы ит өлімтігін көрсетпейді» деп жарыспалы түрде де айтылып жүр.

Ит жеті қазынаның бірі. Жұмақта болатын мақұлықаттың ішінде ит те бар.

Құс өзі үшін алады, ит иесі үшін алады. Адам ұстаған мақұлықаттың ішіндегі ең тазасы осы ит деп есептеледі.

Шын мәнінде ит нас мақұлықаттың бірі.

Қазақ онысын жақтырмайды. Үлкендер жағының бір нәрсеге кейістік білдіргенде «сілекейінді жақпай отыршы» деп айтатыны сондықтан.

Тазының тазасы – әлеке.

«Өлекедей жаланған» деп айтса қазақ тазының тазалығын да айтып отыр.

Соған орай қазақ баласы тазыны төрге оздырған. Мұнан біздің білеріміз ит иесіне ауру-сырқау әкелмейді екен.

Ит ауырғанда иесінен алыстай

дың да жылқыда болатыны белгілі. Қасқырда да болады. Көкжал, қызыл-жал, ақжал деп айтағынымыз содан. Ал тазыда жал болуы мүмкін емес.

Ит те жеті қазынаның бірі ретінде әлпештелген. Оларға да арнап аяқ шабылған. Ол – итаяқ.

Иттің де иті бар. Түлкі шалатын, қасқыр алатын тазылардың орны бөлек болған. Әсіресе, тазының әлекесі қастерленген. Олар үшін де арнайы аяқ шабылған. Оны тазыаяқ деген.

Итаяқ пен тазыаяқтың айырмашылығы жоқ десе де болады. Алайда тазыаяққа да өнер туындысы ретінде қаралған. Кейбір аңшылар тазыаяқтарын иттерімен бірге ала жүрген.

Ит жөніндегі тақырыптардан қашып жүрем. Ахаңа – қазақтың Ақселеуіне тиіп кете ме деп. Өйте-тінім...

Ел ішінде сөз бар. «Ел жаманы – Тарақты, Ит жаманы – барақ-ты» деген...

Сөйте тұра жүз жиырма алты қаһанымыз бен һанымыздың тең жартысының есімдерінің Барақ болуы қалай дейсіз? Барақ есімді қазақ батырларының саны да бір жиырмадан асып түседі екен. Сонда Барақ қалай жаман болады? Өйтеуір бір күні Бараққа барып тірелетінімізді мен білмедім емес, білдім. Соған орай іш дайындығымды сақайттым.

Арғы-бергі білгенімді миказанымыз түсірдім. Мидан жүйрік ештеңе жоқ ғой. Мың сан жауапты ұстатты. Соның біреуі ғана тура. Соны дөптей-

кабірстаны еді. Ал жаманауыздар ондай кабірстандарына оқтын-оқтын оралып отырады.

Бұл иесіне де, өзіне де қауіп. Содан ит иесін талайды.

Есті иесі мұндайда есті итіне жүгінеді.

Ит қашанда көшті жаманауыздар қорымынан сырт қондырады. Ит көш деп осыны айтады.

Ит жаманының да осы көшке тікелей қатысы бар. Әңгіме барақ жөнінде.

– Бәлі, – дейді Ақселеу ағамыз, – иткөшің жөніндегі әңгімен құлаққа тосандау естілгенімен барақ жөніндегі пайымың менен де ілгері кетіпті. Төре болмағанымызбен біздер төреге есеппіз. Төре емеспіз, төреден былай да емеспіз. Сен қаузаған барақты біз де қаузағанбыз. Сол төреңізге біз де барғанбыз. Сіз қойған сауалды біз де көлденендеткенбіз. Сондағы айтқандары... Ит төресі – барақты!

Барақ итті жаман қылып отырған тағы өзіміз. Не жақсы болса сол жаман емес пе? Қасқырға қарсы түспеді деп кем ұстаймыз. Алайда қасқыр көрсе құйрығын қысатын дүрегейіміз емес қой. Барағымыз ит болғанымен қасқырға есеп үргенішіміз. Қалған түйінді өзін түйнештей бер. Жаман болғанда Бараққа қасқыр болмадың деп тұр. Біздерге – Тарақтыларға төре болмадың деп тұр...

Қасқырға қарсы тұра алатын барағың біздің көшімізді қайтсын. Иесінің күйін қүйттемеген соң барақ қайдан жақсы болсын?!

Бұл әңгіме осыдан бір қырық жылғы бұрынғы әңгіме. Қашанда бір бүйірегімде жүруші еді. Соны айтатын уақыты келген екен.

БАҚАЙ

Бақай!

Бұл сөзді естігенде менің жадымда Ішкөз (Ишкуз) көсемі Ізбақайдың (Ишпакай) есімі жаңғырып тұрады. Тіл мамандары да, этимологтар да, этнографтар да бұл сөздің парсының спака сөзінен алынғанын айтады. Еуропалықтар осы спакадан собаканы шығарып жүр.

Бұл сөзге зер салып жүрген ағамыз Олжас Сүлейменовтің «Қыш кітабынан» кейін осының өз сөзіміз екеніне ден қоясын.

Бұл – бақай деген сөз!

Бұл – Ізбақай деген сөз!..

Жігі зер салсақ бақай/спакай/сабака бір сөз және бір мағынада қолданылады.

Қайсы кімнен ауысты оны тіл мамандары дәйектей жатыр.

Біздің айтайын дегеніміз бабаларымыз сол саби санасының өзінде-ақ иттің еркек-ұрғашысын ажырата алғандығы.

Қазақ дүниетанымы бойынша қалам тербеген өзекті жанның сөз құлға тұрмайтын кейбір тақырыпты барынша тәптіштеп алатыны бар. Тәпсірлегенде де сондай жайттар алдыңнан өре түрекеледі. Бұған баяншы сөздік қоры таусылып қалған соң, болмаса өресі жетпегендіктен бармайды. Қайта өрелі болғандықтан саналы түрде соған барады. Мұны мәжбүр ежіктеу, мәжбүр қайталау дер едім.

Осыдан бір он жыл бұрын қасқыр жөніндегі түсінігіміз ит жөніндегі қазіргі түсінігіміздің деңгейінде болатын. Қазақ жазушылары мен танымшылары бұл тақырыпқа ендеп бара алмады. Себебі белгілі.

Қазіргі классик деп ең салған ақындарымыз бен жазушыларымыздың шығармаларын аударыстырғанды соған көзім анық жетті. Ауыздарына не келсе соны соға салады. Бәлкім, өздеріне біліне де бермейтін болар. Ал біз үшін, осы жолда жылдар бойы ізденіп, тірнектеп жинап ел назарына ұсынатын танымшылар үшін бүтін тонға түскен жамаудай көрініп тұрар еді.

Қазақтың үлкен ақыны Ғабиден Құлахметпен досжар болдық. Оның көрнекі шығармаларының бірі «Үйірі жоқ көкжал» еді. Мен оған қасқырда үйір болмайтынын, әуек болатынын айтқанымда досымның өкінгені. Мұндай мысалды қисапсыз келтіруге болады.

Қасқыр жөнінде жазған адамның ит жөнінде жазғанын қош көретініміз бар. Жазары болса, әрине. Жоқ болса жұртты адастырған болып шығады.

Сондай жаржарманның бірі өзіміз.

Мен кейінгі он шақты жылда қасқыр жөнінде жиырмадан астам үлкенді-кішілі танымдық дүние беріппін. Сол жазбаларымның барлығы да сонылыққа тұнып тұр еді. Ел естімеген атаулар, ел біле қоймайтын қасқырдың өмір сүру дағдысы, қасқырдың мәрттік мінез-құлқының қазаққа орайластығы... – бәрі де соны еді.

(жалғасы бар)

Сейіл Жамалиұлы АЯҒАН

Қазақ ән өнерінің Сейілі еді...

Қазақтың ән өнері орны толмас ауыр қазаға душар болды. Жерлесіміз, белгілі әнші, сазгер, абзал азамат Сейіл Аяғанов 52 жасында өмірден өтті.

Шәмші Қалдаяқовтың, Әсет Бейсеуовтің, Нұргиса Тілендиевтің, Базарбай Жұманиязовтың көп айтыла бермейтін әндерін, 1960-1970 жылдары қазақ даласын әсем әндерге бөлеген талантты сазгерлердің ұмытылып бара жатқан туындыларын жиып-теріп, тыңдарман қауымға қайта ұсынған оның өнерін халық өте жылы қабылдады.

Гитарамен ән орындаушылар арасында ерекше құбылыс болып танылған Қорабай Есеновті ұстаз тұтқан Сейілдің де ән айту нақышы ерекше еді. Оның тебірене орындаған өміршең әндері талайдың жүрегін жаулады.

Сейілдің орындауындағы «Жас қалам», «Таң самалы», «Бала махабат», «Жіберілген хат», «Қандай сұлу дүние» және тағы да басқа әсем әндер өнер сүйген қауымның рухани олжасына айналған еді.

Досқа адал, туысқа кішіпейіл, қалың көпшілікке қарапайым мінезімен танымал болған Сейіл Аяғановтың жарқын бейнесі біздің жадымызда мәңгі сақталатын болады.

Жатқан жері жарық, иманы саламат болсын!
Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысы әкімі



Сиқырлы саздың иесі Сейіл әнші...

Бүгін Қарағанды облысының мәдениеті, жалпы қазақ өнері қабырғаны қайыстырған қайғыдан қара жамылды. Гитара аспабы арқылы қалың көпшілікке қоңыр дауысымен танылған белгілі әнші-композитор Сейіл Аяғанов 50-ден асқан шағында өмірден өтті.

Аяулы әншінің барша туған-туыстары мен жақындарына Қарағандының барша мәдениет саласы өкілдері атынан қайғыра көңіл айтамыз!

Сейіл әнші кешегі Мәди мен Әсет, Жүсіпбек пен Манарбек секілді ән дүлдүлдері абыройын асқатқан Сарыарқаның қасиеті дарыған ерекше дарынды өнер иесі еді.

Сейілдің сиқырлы дауысымен танылған «Жас қалам», «Таң самалы», «Бала махабат» секілді көптеген әуезді әндері кімнің де

болмасын жүрегін баурап, есінде біржола сақталып қалатын туындылар еді. Ол әнді жүрегімен орындайтын, сонысымен барша тыңдарманның жүрегінен орын ала білді. Өзі қандай таза, ақкөңіл, ақжарқын болса, салған әндері де сондай таза, сылдыр қакқан мөлдір бұлақтай еді...

Жаратылысы бөлек, көпшілікке жібектей ерекше мінезімен танымал Сейіл Аяғановтың бейнесі барша қазақ халқының жадында мәңгі сақталады. Сүйікті әншісін қимай, қайғырмаған қазақ жоқ шығар. Амал не, ажалдың қатал оғынан ешкім де аман қалмаған...

Иманы саламат, топырағы торқа, жатқан жері жайлы болсын!

Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы

Қазаққа жақын қоңыр үн иесі еді

Қазақ өнері орны толмас ауыр қазаға ұшырады. 52 жасқа қараған шағында әнші-композитор, жерлесіміз Сейіл Аяған мезгілсіз дүниеден өтті.

Сейіл Аяған Қарағанды облысы, Шет ауданы, Қызылтау кеңшарында дүниеге келген. Шежірелі өлкемізден түлеп ұшып, табиғат сыйға тартқан таңғажайып қоңыр үнімен иесі қазақтың жүрегінен орын алған жезтандай әнші бауырымыз өнерсүйер қауымға, еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін лирикалық, ретро стильдің орындаушысы ретінде танымал болды.

Қалың көпшіліктің жүрегіне жол тапқан «Жас қалам», «Таң самалы», «Бала махабат», «Қандай сұлу дүние», «Оянған махабат» тағы басқа да көптеген әндермен өз тыңдарманын тауып, елдің сүйікті әншісіне айналды. Туған жерінің кез келген мәдени іс-шараларынан да тыс қалмаушы еді. Амал нешік, абзал азаматтың туған-туыстарына Шет ауданы халқы атынан қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Оның жарқын бейнесі мен өнері туған халқымен бірге жасай береді.

М.МҰХТАРОВ, С.СОЦИАЛ, Д.КӘРСЕМБАЕВ, М.ЖҰМКИН, О.СТЫБАЕВ, М.ЖОНКИНА, С.АХМЕДИЯ, Ә.АХМЕТЖАНОВА

Сейіл кетті дегенше...

«Гитарамды алып елеусіз бұрышта қалған, Бауырына басып егіліп, жылайсың әлі...»
Табылды ДОСЫМОВ

Сейіл кетті дегенше, пейіл кетті десеңші, Ілгері емес дүние, кейін кетті десеңші... Аркасы мен бауырын бір жаза алмай, дүние-ай, Аз уақыт Аркада сейілдепті десеңші.

Сейіл кетті дегенше тілек кетті десеңші, Жеті ішектің біреуі шіреп кетті десеңші. Тастай мынау дүниеге бір сиып, бір сия алмай, Бүлкілдеген тұла бой – жүрек кетті десеңші.

Сейіл көшті дегенше өмір көшті десеңші, Аз өмірі саз қылды көңіл-қошты десеңші. Өз көңілін таба алмай, кісі көңіліне алаңдай Қалдырмаған ешкімді көңіл көшті десеңші.

Жеті ішектің бірінен суырганда саз алып, Дүниенің дидары тұрушы еді тазарып. Бір кісіге сен демей, бір кісіге «әй» демей, Сейіл кетті дегенше, кетті десей тазалық.

Келіп еді еңбектеп, барады ол шалқалап, Сахнадан сан рет ән салғыздық қолқалап. Алтай, Арка, Алатау, шапаттады шартарап, Сахнадан сан рет алсақтағы алқалап... Жүрдік бірақ атақтан, марапаттан қалқалап, Барады енді ақ Сейіл тауқыметін жалғанның, Алды-артына қалдырмай жалғыз өзі арқалап.

«Ән мен әнші» әлемі көлікті еді ол барда, Ән сапарын бұрмайды Алматыға енді ол да. Шымбұлаққа шықпайды, Көктөбеге мінбейді, Шақырмайды Рамазан, шақырмайды Сержан да.

Жарты ғұмыр, жарты көш, жалқы өмір өткені, Ән-буалдыр, ән-бұрқак – асу бермес өткелі. Бір ішегі қиылып, бір моншағы үзілген, Көз ұшында барады Қорабайдың мектебі.

Сейіл кетті дегенше, пейіл кетті десеңші, Ілгері емес дүние, кейін кетті десеңші... Аркасы мен бауырын бір жаза алмай, шіркін-ай, Аз уақыт Аркада сейілдепті десеңші.

Жанарбек ӘШІМЖАН

«Сауағқа Ақрағат» медиахолдингінің ұжымы белгілі әнші, асыл азамат
Сейіл Жамалиұлы АЯҒАННЫҢ мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, жақындарына орны толмас қайғыға ортақтасып, көңіл айтады.

Жан бауырмен қоштасу

(Сейіл Аяғанға)

Жүрек қаны қайғыдан ұйып қалды,
Сенің жолың осылай тұйықталды.
Кім айтады өзіндей мөлдіретіп,
Құмар қанбай тыңдайтын сүйікті әнді?

Айтушы едің әніңді жүрекпенен,
Қайда қалды біз айтқан тілек деген?
Мынау жалған өмірден бізге дейін,
Кімдер келіп, Сейіл-ау, кім өтпеген?!

Сенің орның өнерде бөлек еді,
Бөлек еді, еліңе керек еді.
Қазағынның қыздарын ғашық қылған,
Ән әлемнің сен едің Төлегені.

Өндеріңнен көңілге күй тарлады,
Маңдайыңнан хор қызы сипар әлі.
Кімге тастап кеттің сен, Сейіл бауыр,
Жан серігің өмірлік гитараны?

Сені жоқтап Қызылтау қалды ауылың,
Ажал тағы сынақтың салды ауырын.
Мақшар таңда тағы да жолығармыз,
Жұмақ болсын мекенің, жан бауырым!

Төлеубай ЕРМЕКБАЕВ

Бір уыс бидай немесе соңғы сапардың салмағы

Кеше ғана еді ғой, екеуміз сапарлас болып, Астанаға Серікзат досымызға көңіл айтуға барғанмыз... Сондай сергек едің ғой, Сейіл аға! Неге осылай аяқталды бәрі?

Жол бойы шешіліп әңгімелесіп, өкінішінді де, өтінішінді де айтып қалдың... Жолға алып шыққан қуырылған бидайыңның бір уысын маған беріп:

– Бекім, мына бидайды керемет жақсы көремін. Асқазанға да ем, бойға да қуат, – деп, менің денсаулығыма алаңдап жүргенінді де сездірген еді сезімтал жүрегің.

Бала күнімізде анамыз шөпшек жағып, табаға қуыратын бидай ғой. Алыс күндердің еншісінде қалған дәм аузыма келіп, ой-қиялыммен балалық шаққа саяхаттап кеткендей болдым. Сол дәмді қайта сезіндірген өзің едің ғой, Сейіл аға!

– Шыңғыс соңымнан ерген қара ғой, Бекім. Сол ұлға тұрақты жұмыстың ыңғайы келмей жүр. Атаанамның аманаты ғой – Шыңғысым. Бір реті келіп жатса, ыңғайын келтіріп жіберерсің, – деп, Шыңғыс бауырымызды маған аманаттаған екенсің сол жолы. Мен оны кеше сездім. Еліңе сұлу ән сыйлап жүрген қоңыр үніне мұң араласқанына да мән бермеппін.

Сапардан оралған соң, бірден Шыңғыстың жұмысын шешкендей болып, өзіңе телефон соқтым. Жауап болмады. Сөйтсем, жағдай осылай болған екен. Қайтейін?! Сол телефоның әлі үнсіз. Енді мәңгі шырылдамайды. Сен маған қоңырау шалып, өтініш айтпайсың... Мен де саған қоңырау шала алмаймын.

Қандай өкінішті?! Бір уыс бидай беріп, Шыңғысты аманаттап, кете

бардың.

Алғашқы қайырмасына жетпей үзілген сұлу ән секілді сенің сыр-баз болмасы, сыпайы қалпың көзден мәңгіге ғайып болды. Орындаған әндерің де сағыныш сазын шертіп тұрушы еді. Енді өзін сағынышқа айналасың. Мәңгі сағынып өтеміз, Сейіл аға!

Сейілдің мынау жалғандағы сейіл-серуені аяқталғанымен, бүкіл Алаш жұртын, қазақ баласын тербеткен әні мәңгілік жасайды. Өшпейтін, көмескіленбейтін ән қалдырдың!

Мен болсам, аузымнан сен ұсынған бір уыс бидайдың дәмі кетпей, бірге болған соңғы сапардың салмағына өлшем таппай отырмын. Мұңайып. Егіліп...

Бақұл бол, аяулы Аға!

Бекзат А.ЛТЫНБЕКОВ

«Қоштасайық, қоштасуға қолың бер...»

Қайран, Сейіл дос, Сейіл бауыр, Сейіл аға...

Қоштасуға қолыңды да ала алмадық-ау...

Арқаның ақ самалындай аңқылдаған қалпыңды, сұңқардай саңқылдаған үніңді сағынамыз-ау, Секе...

«Өтті күндер, өткен күндер, сол күндер» естелікке айнала ма енді, Секе?

«Жанарымда тамшы болып мөлдірет» сенің бейіңе тұр, Секе...

«Бір құлаған қайың қайта көктер ме?»...

Екеуміз жолыға қалсақ, жүрегіміздің сырқатын айтып,

бір-бірімізге дәрігер болып кетуші едік қой. Сен мені аппақ пейіліңмен емдеуші едің. Енді менің дімкәс жүрегімнің дүрсілін кім тыңдайды, Секе?

Соңғы сөйлескенімізде: «Анамды сағынып кеттім!», – деп едің мұнайып. Енді мауқынды басып, пенделердің былғаныш тірлігіне жеті қат көктен маңғаздана қарайтын боласың. Сенің даладай дархандығыңды да, баладай аңғалдығыңды да сағынамыз әлі. Сенің әндеріңнің әр үзігі сағына білмейтіндерге сабақ еді. Ол да үзілді.

Еліңнің алақанынан жүрегіңе көшіп барасың-ау, қайран Секем...

Еске алу

Сүйікті ұл, жанашыр бауыр, қамқор әке, аяулы жар, ақжарқын жолдас болған **Шындос Құнанбайұлы АЙМАҒАНБЕТОВ**ТІҢ дүниеден өткеніне де жыл толды.

Ақтоғайдың тумасы, әскердегі офицерлік қызметін атқарып келгеннен кейінгі барлық өмірі Қарағанды қаласында өтті. Полиция подполковнигі болып зейнеткерлікке шығып еді. Өмірі мұншалықты қысқа болады деп кім ойлаған.

Дауасыз дерттің дәл саған, Жок еді-ау жөні жабысар. Жымындап қана жүретін, Бейнеңе қалдық болып зар... – деп сағынышпен еске алып,

Айлар өтсін арадан, жылдар өтсін, Жадымыздан өшпейсің, мәңгіліксің. Жаратушым жарылқап панасында Пейіш бақты рухыңа нәсіп етсін!

– деп дұға қыламыз.

Еске алушылар: анасы – **Рысай**, жұбайы – **Жанат**, ұлы – **Ердос**, **бауырлары.**

Р.С. Марқұмның жылдық асы әл-Машани мешітінде, 2023 жылғы 4 ақпанда, сағат 16:00-де беріледі.



№42

Еске алу

Анажан, шаңыраққа болдың пана, Жамандық қылмаушы едің ешбір жанға. Амал не, жоқсыз бүгін ортамызда Сағындық, ана, сізді баршамыз да. Жан-Ана, ұл-қызыңның тірегі едің. Тірі болсаң жарқылдап жүрер едің, Болмасаң да бүгін біздің жанымызда Айтқан сөзің, ақылдарың жадымызда Жұбанышпен жанымыз жабырқаулы. Сағынышпен балаларын еске алады. Өзіңізбен бақытты өткен күндер Жадымызда мәңгіге сақталады.

Құрметті ағайын-туыс, бауырлар, құда-жекжат, бөлелер, дос-жарандар, құрдастар, көршілер! Ардақты анамыз, аяулы әжеміз **Лиза Сейілбекқызы СТАМБЕКОВАНЫҢ** рухына бағышталған жылдық асына шақырамыз.

Еске алып, ас берушілер: **бауырлары, балалары, немерелері.**

Р.С: Ас Қарағанды қаласы, Майқұдық, Восток-2 шағын ауданы «Алтын Орда» мейрамханасында 4 ақпанда, сағат 12.00-де беріледі.



№38

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

Қарағанды Шинсервис

ШИНАЛАР

- жеңіл автокөліктер үшін
- жеңіл жүк көліктері үшін
- тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
- арнайы техникалар үшін

Арнайы дилер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

БІЗ АЯҒАН ШИНАЛАР

САТПАЙМЫЗ,

БІЗ АЯҒАДАҒЫ БАҒАҒА

САТАМЫЗ

Қарағанды қ., қойма: Асфальтная көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1

тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800

Орталық Қазақстан академиясының ректораты, профессор-оқытушылар құрамы академиялық жұмыс жөніндегі проректор Ботакөз Тұрғамбайқызы Тілеубековаға анасы

Қадиша Ырысбекқызы НАКУПОВАНЫҢ қайтыс болуына байланысты туыстары мен жақындарына көңіл айтады.

№18



● БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

Министр алғыс білдірді

Газетіміздің алдыңғы нөмірлерінің бірінде Қарағанды қаласындағы №12 мектептің оқушылары ағайынды Ерасыл мен Қанат Смағұловтардың егде жастағы көршілерін өрттен құтқарғанын жазған едік. Оқушылар дер кезінде көмек көрсеткендіктен ешкім зардап шеккен жоқ. Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев қарағандылық оқушылар ағайынды Ерасыл мен Қанат Смағұловтарға өртті сөндіру кезінде қайсарлық пен батылдық көрсеткені үшін алғыс айтты. Бұл туралы министрліктің баспасөз қызметі хабарлады.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



«Сендерге адам өмірін құтқаруға қадам басқан ержүрек батырлықтарың үшін зор алғысымды білдіремін. Өз өмірлеріңе қауіп төніп тұрса да, тәуекелге бел буып, нағыз ерлік жасап, үлкен қайғының алдын алдымдар.

Мұндай әрекетке барудың өзі үлкен жүректілік пен батылдықты, қайсарлықты талап етеді. Жасаған қадамдарың рухы берік, нағыз батырдың әрекеті деп білемін.

Сендер болашақта ата-бабамыздан мирас болып қалған еліміздің кең даласын, асқар тауын, сарқырап аққан өзенін қорғайтын, халықтың мақтанышына айналатын нағыз патриот азамат болып шығатындарыңа сенімім мол.

Болашақтарың жарқын болсын!», – деп жазды министр жолдаған Алғыс хатында.

Еске сала кетейік, ағайынды Ерасыл мен Қанат Смағұловтар көршілерінің көмек сұрағанын естіп, өрт сөндірушілерді шақырған және олар келгенге дейін өртті өздері сөндіре бастаған.

● ФОТОЭТЮД



Суретті түсірген Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

● МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Таным арттырған кеш

Жайық Бектұров атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының ақпараттық-библиографиялық бөлімінде «2023 жылдың атаулы күндері мен мерейтойлары» тақырыбында Ақпарат күні өтті. Дәстүрге сай жыл басында өткен шараның көтерер өз жүгі бар.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мақсаты – мектеп бағдарламасында кездеспейтін тарихи, мәдени, әдеби фактілерді оқушылардың назарына ұсына отырып, олардың білім деңгейін жетілдіру, танымын арттыру, бағыт-бағдар беру.

Оқырмандарды кітап оқуға қызықтыра отырып, маңызды оқиғалар мен тарихи фактілерді таныстырған іс-шараға оқушылар, Қарағанды көлік-технологиялық колледжінің студенттері мен оқырман қауым қатысты.

Кітапханашы-библиографтар тарихи тұлғалар мен жазушылар, ақындар және басқа да танымал тұлғалардың мерейтойы туралы қысқаша тоқталып, арнайы дайындалған кітап көрмесіне шолу жасады.

Шараның екінші бөлімі «Joyteka.com» білім беру платформасын пайдалана отырып, ойын түрінде өтті. Әр команда мү-



шелері «Білім-ғылым». «Ақын-жазушы», «Мәдениет», «Тарих» санаттары бойынша

берілген ойын сұрақтарына шапшаңдықпен жауап беріп, білімдерін сыңға салды.

● КЕЗДЕСУ

Жомарт жанмен жүздесу

Қарағанды қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің қолдауымен, Қарағанды қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесіне қарасты М.Әуезов атындағы орталық қалалық кітапханада «Өлке тұлғалары» кітапханалық тележобасы аясында заң ғылымдарының докторы, профессор, меценат, «Құрмет», «Парасат» орденінің иегері, Қарқаралы ауданының Құрметті азаматы Бақтыбай Жүнісовпен «Жомарт жүрек нар тұлға» атты кездесу кеші өтті.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесу кешіне қала әкімдігінің ішкі саясат бөлімі мен қалалық Жастар Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінің, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті заң факультетінің студенттері мен кітапхана оқырмандары қатысты.

Іс-шараны кітапхананың өлкетану бөлімінің меңгерушісі Айткүл Төлеуханова тізгіндеп, кеш қонағының өмірі хәм шығармашылығымен, қайраткерлік тұлғасымен кеңінен мағлұмат берді.

«Жайсаң да жайдарлы жомарт жүректі Бақтыбай Жақсылықұлын «Қазақтың Бақтыбайы» десе де артық емес. Өйткені ол – алғашқылардың бірі болып Қарағандыда «Жеңіс» саябағын салуға атсалысты. Оның қолдауымен Қарағанды облысының тарихындағы көрнекті тұлғалар туралы кітаптар жарық көрді. Ғылыми-зерттеу саласы да, қылмыстық-атқару және криминалогиялық саясат мәселелері, қылмы-



стың алдын алудың арнайы шарасы ретінде жазалау мәселелері болғандықтан, жастарды адал еңбек етуге, біреудің ақын жемеуге баулып, өз ісімен үлгі болып келеді. «Орталық Қазақстан» академиясы

болып қайта құрылған Қарағанды «Фемиды» академиясының негізін қалаушы және ректоры. Бұдан бөлек, 15-тен астам оқулық пен монографиясы жарыққа шықты. Қарағандыда мемлекеттік тілде жарыққа шығатын аймақтық «Арқа ақшамы», қалалық «Қарағанды хабары» және «Вестник Фемиды» газеттерінің құрыл-

туған жерге деген шексіз махаббатымен игі істерінің жан-жақты мазмұнын ашуды көздеді.

– Атақ, дәрежені ешқашан бірінші орынға қойған емеспін. Мәскеуде кандидаттық диссертация қорғағанда жаным толқып, қатты қуанғанмын. Өйткені, диссертация жұмысын Мәскеуде жүріп жаздым. Оған бір жарым жылымды арнадым. «Қорғамай қайтпаймын!» деп өзіме ант бергенмін. Қорғаған соң бір-ақ келдім. Есіл еңбегімнің ақталғаны мені шексіз қуанышқа бөледі. Содан бері алдыма мақсат қойып, мақсатыма ақырындап жетіп келемін. Өзімнің ұстанымым солай. Тынымсыз еңбек ету керек. Сонда дегеніңе жетесің. Кітап оқығанды жаным сүйеді. Жастардың да білімге құштар болғанын қалаймын. Сондықтан да, алғыр шәкірттер мен озық ойлы ұстаздарға стипендия тағайындап отырамын. Қандай жетістікке жетсем де еңбегіммен жеттім. Үлкендердің қамқорлығын көрдік, аялы алақанының жылуын сезініп өстік. Жастар да біздің қамқорлығымызды сезініп, еліне адал қызмет ететін білімді, патриот әрі бәсекеге қабілетті маман иесі болғанын қалаймын, – деді кеш қонағы Бақтыбай Жақсылықұлы.

Кешке қатысқан жастар қайраткер ағаларына көкейіндегі сұрағын қойып, тұшымды жауап алды. Бақтыбай Жақсылықұлы әр сұраққа берген жауабын шынайы өмірмен байланыстырып отырды. Еркін форматта сұхбат түрінде өткен кездесуден жастардың көп нәрсе түйгені анық.

● БОКС

Алтын тағынған апта

Бокстан Бангкокте (Таиланд) өтіп жатқан Азия біріншілігінде тағы үш спортшымыз ел мерейін асырып алтын медаль тақты. Олар 22 жасқа дейінгі Санжар Тәшкенбай, Махмұт Сабырхан және Нұрсұлтан Алтынбек.

Ерлер арасындағы алғашқы алтынды 48 келі салмақта жұдырықтасып, өзбек боксшысы Шодиржон Меликузиевті айқын басымдықпен жеңген Санжар Тәшкенбай алса, Махмұт Сабырхан 57 келіде Таиланд өкілі Саравут Суктхетті тізе бүктірді. Ал, 54 келі салмақта Нұрсұлтан Алтынбек филиппиндік Флинт Джарумен қолғап түйістірді. Төрешілер шешімі бойынша 5:0 есебімен қазақстандықтың мерейі үстем болды.



● ДЗЮДО

Ел үміті – Жансайда

Дзюдолан Португалияның Алмада қаласында дүбірлі дода басталды. Татамидегі белдесуде бұл жолы 81 елден 555 спортшы бақ сынамақ. Аталған сында қарағандылық балуан Жансай Смағұлов 73 келі салмақта бақ сынаиды. Жарыстың бас жүлдесі 100 мың АҚШ долларын құрайды.

IJF ережесі бойынша бұл белдесуде бағы жанған дзюдошылар ұпай сандарына байланысты 2024 жылы Парижде өтетін Олимпиадаға лицензия алады. Онда I орын алған балуан 700 ұпаймен, II орын алғандар 490 ұпаймен және III орын иеленген дзюдошы 350 ұпаймен есептеледі. Сонымен қатар, V орын 252 ұпаймен және VI-VII орын алғандар да 182 ұпаймен жолдамадан үміткер болады.



● ТЕННИС

Ақтық сынға ақ жол

Елена Рыбакина Australian Open-2023 турнирінің ақтық кезеңіне жолдама алды. Қазақстанның бірінші ракеткасы атанған Еленаның жұптық кездесуде жолы болмаса да, жекелеген ойыны жанкүйер жанын жадыратты.

Бұл бәсекеде отандасымыз беларусиялық теннисші Виктория Азаренкоға қарсы ойнап, 7:6, 6:3 есебімен алға шықты. Қос кезеңге созылған матч жанкүйерлерді ерекше әсерге бөледі. Үміт артқан спортшымыздың бағы мен бабын енді финалда көретін боламыз. Ол бұған дейінгі қос жеңімпаз Магда Линетта (Польша) мен Арина Соболенкоға (Беларусь) қарсы ойнамақ.



ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryaqda Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА

Бас редактор –
Е.К. МҮСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Н.С. ДҮТБАЙ
Интернет-редакция редакторы –
І.Д. МҰКАЙ
Жауапты хатшы –
Қ.Б. ҒАЛЫМ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нура, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortaltyk.kz@gmail.com; ortaltyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortaltyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJ8KZKX БИН 000840001412

Таралымы 5 602

№11 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жан АМАНТАЙ**